

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№9 | 2023

ZANMEDIA.KZ

СӘКЕН АБСАМАТОВ,

Түркістан қалалық
сотының судьясы

**БИ ЖӘНЕ
БИЛІК ЖАСАУ
ТУРАЛЫ
ОЙТОЛҒАУ**

3-БЕТ



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№9 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Би және билік жасау туралы ойтолғау

С. Абсаматов

3

Тарихын білген елдің тамыры бекем

Д. Әмір

7

Соттың абыройы — әділ билігінде

Ж. Шөженов

14

Сот актілерін қайта қарау нормалары

Н. Бекетаев

17

Медиацияның мүмкіндігі мол

Е. Боранбаев

19

Кассациялық соттың құзыреті кең

А. Жолдыбаев

22

Жеке тінту жүргізу тәртібі

А. Иманқұлов

25

Дариға ӨСКЕНБАЕВА, ипотекалық брокер:

«Делдалдар жұмысын реттейтін заң керек»

Н. Жылыс

28

Алқабиге қойылатын талаптар

Р. Ақпар

31

Баланың алғашқы ұстазы — ата-анасы

А. Толықбаева

35

Атқарушылық іс жүргізу мерзімдері

Ш. Рабаева

38

Орындалған арман

М. Фазылова

40

БИ ЖӘНЕ БИЛІК ЖАСАУ ТУРАЛЫ ОЙТОЛҒАУ

*«Әлемде бәрі ырғақты, бәрі билейді»
(Майя Анджелоу).
«Би – әлемдегі сүйікті метафора»
(Кристи Нильсон).*

Біздің әрқайсысымыздың бауырларымыз, жақын-алыс туыстарымыз, достарымыз, әріптестеріміз бар. Көп жағдайда сондай жақындарымызбен, той-жиындарда, қуанышты сәттерде бірге болуды айтпағанда, тек хат алмасу арқылы ғана араласып жатамыз. Сол, бастарымыз бірігіп, құшақтарымыз қауышатын мерекелік сәттерде, тойларда, би билеп, ән саламыз. Бұл дегеніңіз көптеген жандар үшін, әсіресе, кәсіби бишілер, «бимен айналысатындарға» нағыз таптырмас сәт.

Әдетте, нәзік жандарымыз биді көбірек ұнататыны рас және олар әдемі билерімен, әсерлі қимыл-қозғалыстарымен жанға ләззәт сыйлайды. Сол себепті, биді жақсы демалыс деуге болады. Өйткені, билеу арқылы адам энергиямен, жағымды эмоциялармен қуаттанады. Билеу арқылы адам қуаныш пен көңілдің, жағымды сезімнің, эмоциялардың шарықтау шыңына шығып, жанға рахат алады. Ал енді, таңқалмай көріңіз. Осыдан кейін биге жай ғана көзқарасты дүние немесе ойын-сауық деп қарауға бола ма? Билегендер қаншама калория жағады, ол да денсаулыққа дұрыс әсер етеді.



Сәкен АБСАМАТОВ,
Түркістан қалалық
сотының судьясы

Қазіргі уақытта би – жақсы демалыстың көзі. Адамның биі энергиямен және жағымды эмоциялармен қуатталатындықтан, билеген сайын жағымды эмоциялар пайда болып, қуаныш сезімі бойды билеп, көңіл көтеріліп қана қоймай, артық салмақтан арылып, калориялар жағылатыны сөзсіз. Керемет қой! Осыдан кейін биге тек ойын-сауық деп қарайтындар бәлкім, өз көзқарастарын өзгертер. Тіпті, айтар болсақ, ежелден ата-бабаларымыздың отты айнала биле-

гені – синкретикалық өнер болған. Осы өнер арқылы ежелгі адам баласы жер бетін мекен тұтқан барлық халықтың ұрпағы өнер мен ғылымның негізін қалаған десек, тілдесу дамымаған кездің өзінде, адамдар негізінен инстинк пен табиғи қозғалыс, қол-аяқтың, дененің басқа да бөліктерінің ырғақты қимылдарымен-ақ, өз сезімдерін, қорқыныш-үрейлерін, үміттерін, сонымен қатар, инартикуляциялық қимылдар тілі, яғни, көмей мен ауыздың көмегімен жасалған дыбыстар арқылы жеткізе білген.

Биде – жақындарына, ата-аналарына, туыстары мен балаларына деген сүйіспеншілік, нәзіктік, жауларына деген өшпенділік, жабайы немесе жыртқыш аңдар мен жануарлардан төнетін қауіпке алаңдаушылық, жанға жылы тиетін естеліктер мен шуақты күндердің белгілері жатқаны рас. Адамдар қарапайым биімен-ақ, билеп жүріп дене қимылдарымен бірін-бірі мойындаған, түсініскен.

Сондай-ақ, би іс жүзінде жабайы аңдарды аулауға дайындық ретінде де қолданылып, ондағы қауымдастық мүшелерінің дене ерекшеліктері мен ақыл-ой қабілеттеріне қарай әрқайсысының тайпадағы рөлдерін анықтаған. Әрі кімге найзаны, кімге өткір тасты табыстауды, кімге тұрғынжай мен отты күзетуді қалдыру керектігін де көрсетіп білген.

Би – қауымдастықтың, тайпаның әлеуметтенуінің алғашқы бастамасы. Сонымен қатар, бұл жерде тұлғааралық қарым-қатынастықты, қауымдастық пен әлеуметтік коммуникацияны жақсартудың алғашқы әрекеттері жайына тоқталсақ, өз көзқарасын білдіру арқылы жауап күту, ой мен сезімді шифрлау, шифрланған мәліметті шешу, оларды бөлісудің аса қажеттігі айтылады. Осындай табиғи шығармашылық, яғни, би арқылы адам алғашқы талпыныстарды талдауға, логикалық тізбекті құруға, оқиғалар мен тайпаластардың мінез-құлықтарының, әрекеттерінің арасындағы себептік байланысты анықтауға тырысады.

Осылайша, адам инстинктерден және

дөрекі физикалық күш культінен жоғары көтеріліп, орын алып жатқан оқиғаларды, құбылыстарды, абстракциялай отырып ойлай бастайды.

Бұл дегеніңіз, би – отбасы, мемлекет сияқты бізге белгілі қоғамның барлық институттарының заңдарын жасаудың бастауы. Ең қиын сәттерде, еңсесі түсіп қайғырған шақтарында адам өмірде болып жатқан оқиғамен келіспей, ашуланып, ызаланып, жоғалғанын, ұмытылғанын қалпына келтіруге, айырылған туыстарын, құрбыларын, баласын өмірге қайта оралтуға тырысып, «олай болмауы керек еді ғой, бұл дұрыс болмады, ол оған лайық емес, әділдік жоқ» дегендей түсінік туындап, табиғат пен жануарлардың, элементтердің, кейде туыстардың арасында қарама-қайшы көзқарастар туындайды.

Осыған орай, ащы азап пен қайғыны сезінген жанның санасында: «кей жағдайда, мінез-құлқы басқашалау ма?» деген ой жылт ете қалады. Ал, келесі бір ой – белгілі әрекеттерге тыйым салулар мен рұқсат етілген нәрселердің шегін белгілеп, болатын нәрселердің қатарын көрсетіп, анықталған жайттың орындалуын талап етпек. Егер, кімде-кім тәртіпке бағынбаса, оны бұзса қауымдастықтан қуылады. Бұл – үкім. Өйткені, отбасынан айырылып, тыс жерде жападан-жалғыз қалған жанды өлім күтері анық.

«Дене қозғалыста өмір сүреді» дейтін болсақ, денені адамның санасы мен жаны басқарады. Ал, адам, бәріміз білетіндей, қоғамнан тыс өмір сүре алмайды.

Айтар болсақ, қоғамда өмір сүру дегеніміз – ол ұжымдық бидің өзіндік бөлігін жоғарыда айтылған алғашқы алаудан алыстау жерде, заманауи кейіпте орындау. Өйткені, Күн мен оның айналасындағы планеталар және Аймен бірге Жеріміз де қатаң тәртіп пен ырғақта қозғалыста болады. Бұл тәртіп болмаса, жердегі тіршілік тоқтап қалар еді. Конструктивті қоғамдық сананың маңыздылығы алау биінің жарығында әбден нағымды көрінеді. Өздеріңіз білетіндей, адам

– тіршілік иесі. Яғни, адам биосфера мен ноосферада физикалық жағынан белсенді, тірі мен жансыздың барлығын өзіне бағындыра алады. Десек те, салыстырып қарасақ, өмірде басқа да тіршілік иелері бар. Мысалға калифорниялық құрттарды келтіруге болады. Құрттар үйіндіде жақсы өсіп-өнгенімен қоймай, жылы аймақтарда биологиялық жағынан қартайып өліп қалмаса, топталып та, жеке-жеке күйінде де өмір сүріп, көбейе береді.

Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тәжірибесіне сүйенсек, құрттар қолайлы ортада, кез келген ауа райында үш-төрт айдың ішінде он есеге дейін көбейе алады. Жинақталған құрттар өз ұяларында үзіліссіз қозғалыста болатындықтан, Сібір аязы оларға түк емес. Бұл құрттарда сана болмаса да, өздерін «ұжымдағыдай» сезінеді. Оларда әділдік принципі басым және де мал қалдықтары мен азық-түлік қалдықтарын өңдеп, қоршаған ортаға бірталай пайда әкеледі. Бұдан біздің қоғаммен параллельдерді айқын байқауға болатын да сияқты.

Ноосфера ұғымын және соған сәйкес аталған ғылыми терминді (оның ноосфера сатысына өтуін биосфераның қайтымсыз эволюциясының маңызды кезеңі ретінде қарастыруды) енгізген орыс, украин және кеңестік жаратылыстанушы ғалым-академик В.И.Вернадский Қазақстанда зерттеу жүргізгенде осындай қорытындыны нақтылаған деседі. (Мүмкін бұл, В.И.Вернадскийдің біздің елде жаңалық ашқаны) жәй ғана кездейсоқтық болар, дегенмен, оны мақтан тұтуға болады деп ойлаймын.

Қарапайым тілмен айтқанда, ноосфера – жердің «интеллектуалды қабығы». Оған адамның ұтымды әрекеттерімен байланыстылардың барлығы, атап өтсек, ғылым, техника, мал шаруашылығы, технологиялар, соның ішінде нано-технология, жолдар құрылысы, космонавтика жатады. Ал, енді дамып келе жатқан заңнамалық базасыз ноосфера кезеңін елестетіп көріңізші. Адамзат

қызметінің құқықтық саласын менің ойымша, юросфера десек қателеспеспіз. Мүмкін бе? Бәлкім жоқ дерсіз. Сонда да біз ойымыздың себептерін көрсетіп кетсек.

Адам қызметінің кез келген түрі оның құқықтық негіздемесінсіз, құқықтық қамтамасыз етілмей толық болмасы анық. Заңдар адамдардың, заңды тұлғалардың, шағын және ірі бизнестің қызметтерін, мемлекеттік құрылымдардың, мемлекеттік, халықаралық ұйымдардың құзыреттілігін, қызметтерін реттейді. Сонымен қатар, қолданыстағы заңдардың барлығы келешекке бағытталған адамзаттың жалпылама тәжірибесі деген пікірмен ешкім дауласа қоймас. Заң дегеніміз не? Бұл ең алдымен талқылау арқылы қабылданатын әлеуметтік келісім шарт. Еркін қоғам өз заңдарымен өмір сүрсе, бақытты қоғамға айналары хақ.

Ноосфераның маңызды құрамдас бөлігі – юросфераны бөліп тастауға бола ма деген сауал туындайды. Біздің ойымызша, бұл мүмкін емес. Айтар едік, ол қажет те. Өйткені, қабылданған заңдардың, мәмілелердің, манифесттердің, елдер конституцияларының, келісімдердің, жарияланған декларациялардың (оның ішінде тәуелсіздік, егемендік туралы), меморандумдардың маңыздылығын бағаламау мүмкін бе? Ноосферадағы басты рөлді Жер планетасындағы заңнамалардың қызметі. Көріп отырғанымыздай, оның саналы тіршілік иесі ретіндегі барша қызметі заңнамалық актілермен реттеледі.

Құқықты қоғамдық шарт ретінде жасау – нормаларды жариялау, кейін оны жүзеге асыру, дамыту – мұның бәрі адам мен бүкіл адамзат қызметінің құқықтық саласы. Ал, бұнымыз қала тұрғызуға, бейбіт өмір сүруге, демократияны ілгерілетуге, дамытуға бағытталып, заман талабына сай болуы қажет. Жердегі экология, адамдардың тұтынатын тағамының сапасы заңнамалармен тығыз байланысты. Өйткені, өздеріңіз білетіндей, сапасыз су, ауа, азық-түлік көптеген қиындықтардың, соның ішінде генетикалық ауытқулардың себебі болып табылады. Жер бетінде экологиялық таза өнімдер

азайып барады. Ауа мен су ластануда, яғни, болашақ ұрпаққа, демек бүкіл адамзатқа қауіп төніп тұр.

Бұл фактіні қабылдап, «юросфераның» маңыздылығын жеке ұғым мен термин ретінде белгілейтін уақыт келгені анық. «Кемедегенің жаны бір» деген тәмсіл бар. Жер деп аталатын «кемеде» адамзатты ортақ тағдыр біріктіреді. Сондықтан, барлық заңдар адам құқықтарын, заңды мүдделерді, олардың бостандықтарын қорғауы қажет. Оның ішінде, әсіресе, болашаққа соғыссыз, пандемиясыз, экологиялық апаттар мен каттализмдерсіз өмір сүру құқығын қорғауға бағытталғаны абзал.

Осы тұрғыда заңдар мен барша құқықтық қызметтің маңызы ерекше зор. Заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар үнемі енгізіліп, жетілдіріліп келеді. Оларды жақсарту, дамыту және жүзеге асыру бүгіннен және бізден басталатын болашақтың жұмысы. Осы заңнама негізінде жасалған кей мәмілелерді қайта қарап, түзету керек пе? Иә, белгілі бір және тарихи жағдайларда бұлай істеу қажет те. Тіпті, міндетті болуы мүмкін. Бұл қоғамдағы кез келген дүмпулердің алдын алады. Тек осы жағдайда ғана, юросфера өзінің әлеуметтік, әділеттілік, үздіксіз дамуы жолында пайдалы болмақ.

Ф.Ницше: «Тау шатқалдарынан шыққан желге еліктеңіз: ол өз үніне билегісі келеді, теңіздер дірілдеп, аяқ астынан секіреді» деген. Кеңдікті, кеңістікті сезінесіз бе? Мұнда таулар, аспан және күшті толқынды теңіз бар. Әдемі ғой. Солай емес пе? Иә, алғашқы адам алауының жарығында туындаған бидің қарапайым болмасы анық. Оның бойында жасырылған құпияларды қысқаша ашып, өз ойымызды қорытындылайық.

Әркімнің өмірде өз рөлін орындайтынын, басқаларға ұқсамайтынын, шығармашылықта өзін-өзі көрсетудің маңызды

бір түрі – биді талқылаудамыз. Осы орайда адамдар өмір бойы жалғасатын ортақ биде өз үлесін адал орындап, өзіне деген сенімін сақтауы маңызды.

«Өнер алды қызыл тіл» жеткізген биге алғысымызды айтуымыз керек. Өйткені, адам баласының «тілі шыққан» кезде, яғни ойын вербализация жасайтын қабілетке ие болған соң, ымдап, жесттер арқылы тығылып, қиналып ойы мен сезімін жеткізуден құтылады. Сол кезде тіл ең маңызды коммуникациялық құралға айналады да шешендік өнердің дамуы басталады.

Байқасаңыздар, кез келген би тек қана белгілі бір алаңда, яғни ашықтықта орындалмайды, ол үшін уақыт та қажет. Би қимылдарын өз кезегімен, дер кезінде әуеннің ырғағына сәйкес орындау өте маңызды. Сол сияқты заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар да мәнжайлардың өзгеруіне, тәуекелдерге, кездейсоқ қатер мен қауіпке байланысты дереу енгізіліп тұруы тиіс.

Біздің мемлекеттік әнұранымызда мынандай жалынды сөздер бар: «Қарсы алған уақытты мәңгілік досындай. Біздің ел бақытты біздің ел осындай!» Уақытты досындай қарсы алу үшін алаңдататын өзгерістер мен қауіп қатердің алдын алып әрекет жасау аса маңызды.

Қазақ тілінде билеу мен билік ету /билеу/ сөздерінің түбірі бір екені кездейсоқтық емес сияқты, «би» – билеуге, дене қимылын жасауды білдіреді; «билік ету» – елді билеу, өкім шығару, әділеттілікті, тәртіпті орнатуды, таратуды білдіреді, «би – /тұлға/ – төрелік жүргізетін адамды білдіреді. Мысалға тарихтан белгілі билерді келтірсек болады.

Бұл тақырып тереңірек зерттеуді талап ететін сияқты. Сондықтан оны келешектің еншісіне қалдырсақ.

ТАРИХЫН БІЛГЕН ЕЛДІҢ ТАМЫРЫ БЕКЕМ

Қазіргі кезеңде тәуелсіздігімізді қызықтап, бөркімізді аспанға ату кезеңінен алшақтап, көшіміз ұзап барады. Ендігі жерде тәттіге елтіген баладай таңырқап, тамсана бермей, бір уақ қолдағы барымыз бен жоғалтқанымызды санамен салмақтап, салыстыра сараптайтын, байыпты баға беріп отыратын шақ туғандай.

Ең бастысы, осы қазақтың меншігі-ау деп сеніммен айта алатын ұлттық құндылықтарымызға ешкім таласып жатқан жоқ, барымызды базарлай білу тек өзімізге қатысты мәселе болса керек. Ал ең бір талас тудыратындай мәселеге тарихымызды жатқызсақ, оның өзі уақыт өткен сайын бүркеме қабығы аршыла түсіп, өзінің шынайы бітім-болмысымен, арналы ақиқатымен танылып, жұртымызды қуантып келеді.

Иә, шынайы тарихқа шөлдеп өткен дәуірлердің ақиқатына зәру болғанымыз, дәл осы тарапта жігеріміздің құм болып келгендігі анық еді. Елің мен жеріңнің тағдыры жиі таразыға тартылып, империялық үстемдіктің



**Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы**

қолжаулығына айналған жерде, елдік тарихың да соның кебін киіп, «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегендей, өз еркің өзінде болмаған соң, өткеніңе де өзгелер төрелік айтып, қасиетті тарихыңның құнсызданып, қадірі қашуы да лезде екен.

Өткенін түгендемеген ел өспейді

Тек «Қазақ ССР тарихы» деп аталған биттің қабығындай жұп-жұқа оқулық кітаптан ғана жүріп өткен жолдарымыз – бастан кешкен тарихымызды, қалың қазақтың қадірі мен қасиетін, ата-бабаларымыз айбарымен жасқап, қызғыштай қорып, сақтап, осыншама жерді иеленген халқымыздың барша жақсылығын танып-біліп, сол тар аямен өлшеп келіппіз...

Осындайда арқалы ақынымыз Қадыр Мырза Әлінің:

Менің бабам қақтаған қыр аптабы,

Көшіп-қонып,

Ұрпағы тұрақтады.

Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих,

Оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы!... – деп жырлағаны жиі еске оралады. Бұл жыр жолдарына бір кездегі елін-жерін өртені сүйген арда қазақтың отарлаушы империяға деген наразылығы да, ар-намысы да сыйып кеткендей.

Ел мен жердің жаңарып, бой көтеруімен бірге, оның тарихы да тәуелді күніміздегідей, сірескен, мұз болып қатқан қалпынан арылады екен, жаңа дәуірмен бірге жасарып, жаңғырады екен. Міне, соған куә болып, көңіл көншіп қана қоймай, ұлтымыздың еңсесі көтеріліп, намысымыз қайралып, дүр сілкініп, әруағымыз асып бара жатқандай. Бұл – кешегі отаршылдықпен алысып өткен Алаш арыстарының көкейін тескен арманы еді. Ел тарихының қадір-қасиеті, құндылығы дегеніміз де осында жатқан шығар, оның серпілісі, тереңдік сипатқа ие болуы, ұлт рухының оянуымен барабар. Иә, шынайы тарихи болмысыңды танымай тұрып, жарқын болашаққа сеніммен қадам басуың да күмәнді.

Өз қолымыз өз аузымызға жетпей, қысымшылықпен күн кешіп жүрген шақта, қазақ тарихына кеңес тарихы арқылы үңіліп келдік, басқаша болуы мүмкін де емес еді. Әлгі биттің қабығындай деп қомсынсақ та, сол кеңес аясындағы тарихымыздың өзінде іліп алар қасиетіміз жоқ емес еді.

Әсіресе, «патшаға әскер бермейміз!» деген 1916 жылғы, қазақтың қайнаған намысындай, жанартаудай бұрқ етіп оянып, жалыны жер-көкті шарпыған ұлт-азаттық көтерілісін бастаған әйгілі Аманкелді батыр мен нағыз халық қаһарманы екенін екінші дүние жүзілік соғыстың басынан бастап, жеңіс сағаты соққанға дейін дәлелдеген, аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы сияқты марғасқаларымыздың өздерімен-ақ тұтас халықтың абыройын жапқандай сезінгеніміз де рас. Сол кеңестік дәуірде, империялық, шовинистік пиғылдың үстемдігіне қарамастан, айға шапқан арыстандай айбатты батыр Бауыржан атамыз күндей күркіреген айбарлы дауысымен, ар-намысымен олардың аптығын басып, қарсы тұрып, ұлтымыздың шын мәніндегі символдық қаһарманына айналған болатын. Жалғыз Бауыржан батыр отаршылдықтың шынжырын тасталқан қылып бұзып, империяның төбесінен төніп қарап, айбатымен жасқап тұрғандай елестейтін. Отаршылдықтың бұғауы мойынға кигізілген кезеңдерде қазақ деген халықтың батыр, намысқой, әрі көкірегі ояу, ұлы халық екенін, тұтас ел болып дәлелдей алмасақ та, осындай бір басы мың санға татитын, ғасырлар тоғысында бір-ақ рет туатын бірегей тұлғаларымыз қадау-қадау шығып, бой көрсетпеп пе еді!

Алашты алға сүйреген арыстар

Олар санаулы болса да, өктем империядан айылдарын жимапты, өр халықтың ар-намысы болып оянып, алаштың асқақтығын танытыпты: Сырым Датұлы, Кенесары хан, Есет Көтібарұлы мен Жанқожа батырлар, Исатай-Махамбет, Аманкелді, Кейкі батырлар, Әбдіғаппар хан, алаш ардақтылары Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан. Жалғыз жортқан жолбарыстай қаһарман Бауыржан мен бейбіт күннің батыры, аждаһаның аузынан алты облысымызды аман алып қалған, империяға арыстандай азу көрсетіп, алаштың айбатын ақырып танытқан Жұмабек Тәшеновтер көңілге тоқшылық әкелетін

есімдер. Осылардың әрқайсысы мыңдардың ісін тындырыпты, елдігіміздің тұғырын биікке көтеріпті, империяның кеудесін басуға жарапты, санастыруға мәжбүр қылыпты, кімнің тақиясына тар келер?!

Кейде, санмен емес, бірегей сапалық қасиеттерімізбен мерейіміз үстем болған шақта-рымыз тарихымызда аз болмапты. Тұтас халықтың ар-намысы тапталған жерде, еріксіз отаршылдық бұғауы мойнына кигізілген кезде, осындай жекелеген тұлғалар бой көтеріп, алға шығады екен. Сол бірегейлеріміз ұлт абыройын көтеріп, барша жауапкершілігін иықтарына артып алып кетуі заңдылық сияқты.

Заңдылық дейтініміз, кеңестік тоталитарлық режим тұтас халықты айыпқа тартудан, жазалаудан танған жоқ, оған Қазақстанда қолдан жасалған ашаршылық, елде жаппай белең алған репрессия дәлел. Осындай халық тағдырын ойыншыққа айналдырған деспотизм жағдайында жалғыз жортқан жолбарыстай ерлеріміздің жарқ етіп бой көрсетуі – ұлтымыздың қанымен сіңген қасиеттерінің ешқашан жойылмайтындығының нақты сипаты еді. Тек санаменен салмақтай алсақ жарады. Кеңес дәуірінде анық дәл бағасы берілмеген, әділетті сарапталмаған тарихи оқиғалардың біріне XIX ғасырдың басындағы орыс-француз соғысы жатады. Тіпті, сол кездің өзінде байыптаған адамға шикілігі білінгендей екен: «Қазақ ССР тарихы» оқулығында бұл соғысқа қатысқан деп бірді-екілі қазақтың аты аталса, кеңес тарихында бұл туралы дерек мүлде жоқ. Былай қарағанда, мемлекет аясында шешілетін мәселеге тарихты құрастырушылар жүрдім-бардым қараған. Бұлай дейтініміз, ол кезде Қазақ хандығы тарқамаған, әлі өз күшінде, орда ретінде дүниеге аты мәлім, яғни, мемлекеттік құрылым күшін жоймаған кезең. Сондықтан, бұл соғысқа қазақ жауынгерлерінің қатысу-қатыспауы хандық аясында қаралып, шешілетін мәселе болса керек еді. Ал солай шешілген болса, ол соғысқа қалайша бірді-екілі адам жіберілмек? Әлгі қолжаулық оқулыққа сенсек, ерігіп, ұрынарға қара таба алмай, қолдары

қышып жүрген бір топ қазақ әшейін қатыса салып, соның бір-екеуі тәуір қимыл көрсетіп, көзге түсіп қалғанға ұқсайды. Әшейін, мазақ тұжырым екені айқын. Салмақты, сауатты тарих бұлай өрілмесе керек еді.

Сөйтсек, шынайы тарих мүлде басқаша. Біз өзімізге қатысты тарихты айтып отырмыз. Мейлі, қай өлшеммен қарасақ та, патшалық империяның қай билеушісі де, Петр императоры да, қатын патшайымы да империялық астамшылықпен, өздерінің тарихын тек орыстық үстемдік тұрғыдан жазып көрсетуді бұйырып, тарихшы ғалымдарға арнайы тапсырма бергені әлдеқашан белгілі болған. Яғни, орыс армиясын тек жеңімпаз тұрғыдан көрсету империялық идеологияның басты мұрат-мүддесіне айналған. Патшалық Ресейдің осы бағыты кешегі кеңестік дәуір тұсында да жалғасқанын сіз бен біз жақсы білеміз. «Жеңілуді білмейтін кеңестік советтік держава» деген ұраншылдықтың ар жағында одақ құрамына кірген он бес республиканың немесе қазақтың мүддесін қорғау емес, орыстық империялық мүдде жатты. Сондықтан да «елім», жерім» деп бас көтерген, алашының жоғын жоқтаған арыстарымыз жапа шекті...

Орыс-француз соғысында қазақтардың ізі бар

Осы мүдде олардың тек тарихында емес, әдебиеті мен өнерінде де көрініс табуы тиіс болды. Басқасы туралы сөз қозғамай-ақ қояйық, өзіміз тілге тиек етіп отырған орыс-француз соғысының тарихы да империялық мүддеге негізделіп жазылғанын ғалымдар дәлелдеп отыр. Және бұл бір жақты көзқарасқа негізделмеген пікір, қазақ ғалымдары осы соғыс туралы француз жұртының мемлекеттік архивтік деректерімен сәйкестендіре деректер келтіруде.

Ең алдымен айтарымыз, ел тарихына енгізілмеген архив мәліметтеріне сүйене сөйлесек, қазақтардың бұл соғысқа қатысуы екі елдің, яғни, Ресей мен Қазақ Ордасы хандарының өзара келісімі арқылы жүзеге асқан. Бұрынғы жалпыға мәлім тарихтан да

белгілі, сол тұста бүкіл дүниеге жеңілмейтін император болып танылған әйгілі Наполеон Бонапарт өзінің жеңімпаз 600 мың француз әскерімен 1812 жылы 2 қыркүйекте шерулетіп Мәскеуді басып кіргенде, оған орыс қолбасшысы М.Кутузов басқарған патша әскері қарсы тұрған. Бұл соғыс тарихта «Бородино шайқасы» деген атпен белгілі. Бірақ, осы соғысты орыс тарихы қанша әспеттеп, дақпыртын асырып көрсетсе де, М.Кутузовтың қолбасшылық дарыны көрінбеген. 100 мыңға жуық адам қаза болып, 14 сағатқа созылған соғыстан соң ақыры орыс қолбасшысы Мәскеуді тастап, қашып шыққан. Осы тұста тығырыққа тірелген Ресей патшасы бірінші Александр қазақ хандарынан көмек сұраған. Міне, қараңыз, орыс империясының Қазақ Ордасына деген басқыншылық саясат ұстануына қарамастан, үш жүздің хандары өзара ақылдаса келіп, халық мүддесін ойлап, әскери көмек беруді шешкен. Өйткені, жасырары жоқ, қазақ хандығы Ресейге экономикалық жағынан мүдделі еді, әсіресе, сауда-саттық байланыссыз ісі алға баспасы анық болатын. Бірақ, Ресейдің де Қазақ Ордасына мүдделі болып, күні түскендігіне осы француз басқыншылығы айқын дәлел болып тұрғандай.

Отаршыл жүйенің қиянаты

Қазақ Ордасы жағынан осы шайқасқа 92 мың қазақ жауынгері қатысыпты. Көптеген тарихи деректерде, олардың нақты қазақтар деп көрсетілмей келуінің басты себебін жоғарыда ұқтырғандаймыз, ол ең алдымен, орыс империясының өзімшілдігінен, өзге халықтың игілігін, жақсылығын қасақана елемеушіліктен туындаған жағдай. Екінші бір үлкен себеп, сол кездегі есеп бойынша, әлгі орыс әскері құрамына енген қазақтар Ресей әскері құрамында қайта жасақталғанда, башқұрт полкы, Орынбор полкы, Түркі әскерлерінің полкы болып құрылыпты. Бұларды өздері «жабайы кавалерия» деп атапты. Мұның әдейі жасалған, жасалмағандығына кепілдік бере алмай-

мыз. Орыс қолбасшысының дәл сол сәтте не саясат ұстанғандығын кім білсін, дегенмен, тарихи құжаттар солайша тіркеліп кете барған. Оның үстіне, орыс патшалығы ескі замандардан, тіпті, империя ретінде күшейіп, бел ала бастағаннан-ақ, Қазақ Ордасына сенімсіздік танытып отырған. Әрине, бұған басты себеп, арғы ғұн, сақ дәуірлерін былай қойғанда, Шыңғыс хан, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда дәуірлеріндегі ата-бабаларымыздың жер жарған атақ-даңқы екендігі сөзсіз. Оның үстіне, қазақ жерінің асты-үсті толған байлығына ежелден көз сүзіп келе жатқан империя, әрине, бұл елдің еңсесін көтеріп, өзімен таласар, күш теңестіретін деңгейге көтерілгенін қаламайды. Сол есеппен, біздің жұртқа тиісті деген тарихтың бәрі қатаң сүзгіден өткізіліп, немесе, қасақана жойылып отырған.

Халқымыздың ерікті-еріксіз осындай көш ілгері дамып кеткен алпауыт елмен тағдыры қосақталып келуі де үлкен сорымыз болғандығын мойындауға мәжбүрміз. Ал бұл мәселе, қазіргі кезеңде, халқымыздың өткені мен бүгінін салмақтап, қолдағы бары мен ғасырлар иінінде жоғалтқанын түгендер мезгіл жеткенде, тарихын қуалап, ізіне түскен ұрпақ үшін әжептәуір қиындық тудырып отыр. Солай екен деп қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. «Өткен болмай, бүгін жоқ» дейді халық. Өйткені, біз жоғалтқаны көп, өзгелерге есесін көп жіберген халық екенімізді естен шығаруға болмас. Ұрпаққа айтар кеңесіміз де осы орайдан табылуға тиіс...

Орыс-француз соғысы – тарихта айқын таңбаланып қалған ұлы оқиғаның бірі. Оның үстіне, ол орыс әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің жауһары, інжу-маржаны саналатын Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясының сюжетіне еніп, мәңгілік өшпестей адамзаттық жетістік – әлемдік қазынаға айналды. Кейде, қазақтың ғасырда бір туатын біртуарларының кемеңгер келбетін сомдауға сол Толстой, Әуезов секілді әдебиет алыптары арамыздан шығарма еді деп көксейсің. Дана халық қана даналарды өмірге әкеледі. «Алтын құрсақты

ана» деген теңеуді қазақ қана айта алады. Әттең, соқыр күштерден, озбыр өктемдіктен тартқан теперіші көп халықпыз. Қазақтың қасиетінің танылуы кемдік соғып жатқандай...

Сол орыс-француз соғысын орыстар қанша дәріптеп көрсеткенімен, олар бұл соғыста Мәскеуді тастай қашқаны анық. Олар француздарды, мейлі мойындағысы келмесе де айтуға тиіспіз, қазақтардың, сондай-ақ, түркі тектес жұрттардың, татар, башқұрт халықтарының көмегімен ғана Мәскеуден қуып шығып, Парижге дейін өкшелеп, тықсыруға қол жеткізді. Және бұл орыс патшалығының толық жеңісі емес еді, француздар бұл соғыстан меселі қайтқанымен, тарих аренасындағы үстемдігін сақтап қалғандығы анық. Сондықтан да әлемдік тарихта орыс қолбасшысы М.Кутузовтың аты қалған жоқ, Наполеон Бонапарттың есімі қалды. М.Кутузовты орыс арасында ғана құрметтесе, Наполеон есімін әлем құрметпен атайды. Француз халқының даңқын шығарған перзенті ретінде де, мемлекеттік қайраткер ретінде де, әскери дарынды қолбасшы ретінде де ол биік тұр. Біз осыған дейін, тарихқа орыстық империялық мүдде тұрғысынан баға беріп келдік, сол көзқарасымыз әлі де болса өзгере қойған жоқ. Ал қазір отаршылдықтан қалған жалтақ, үркек көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Яғни, тарихымызбен бірге, сана-сезіміміз де серпіліп, тәуелсіз, жалтақтамайтын көзқарасқа бейімделетін шақ әлдеқашан туған. Тек соны сезінуіміз, соған бой үйретуіміз кемшін.

Орыстық империялық мүдденің асқынғандығы сондай, олар сонау ғасырлар қалтарысында ізі өшуге айналған француздармен соғыс тұрмақ, әлі ізі суымаған екінші дүниежүзілік неміс фашистерімен болған соғыстың өзін орыстың жеңісі деп түсіндіруден тартынбайды, бүкіл одақ елдерінің бұл ортақ жеңіске атсалысқанын мойындағысы келмейді. Осы өзімшіл пиғылмен рейхстагқа ту тіккен Р.Қошқарбаевтың ерлігін мойындамады, екі орыстың біріне беріліп жатқан батыр атағын қимады. Ал олардың Бауыржан Момышұлының тарихта

өшпестей із қалдырған ерлігіне көз жұмып, көпе-көрнеу жасаған қиянаты туралы жеке бір эпопея жазуға болар еді. Әрине, батыр атамыз олардың алдында жіптіктей мінез көрсетіп, орыс қолбасшыларының тілін табуға тырысып, жағымпаздыққа салынса, сол империялық өктемдік ұстанғандардың қызғанған атағына қолын жеткізуі де әбден мүмкін еді. Бірақ, қанымен бірге біткен тектілігі батырды ондай қорлыққа жібермеген. Түсіне білгенге осының өзі ұлы қасиеттің сипаты емес пе? Бірақ, ең бастысы қарапайым халық Баукеңді батыр ретінде таныды, қазақ арасы түгілі, орыс жұрты, тіпті, бүкіл әлемде оның бейнесі аңыз болып тарады.

Ерлікті елемей – ессіздік

Куба Президенті Фидель Кастро оның ерлігінің алдында басын иіп, еліне құрметпен шақырса, өз әскеріне қазақ батырының дәрісін тыңдатса, оған толық негіз бар еді. Әттең, осындай ұлы қасиеттердің империялық өзімшілдікке қор болғанына қынжыласың. Баукең де осыны жақсы түсініп, соқыр дүлей күшпен айтысып-тартысуды бойына ар көрген, басын имеген қалпы көз жұмыпты. Міне, қазақтың жоғала бастаған тектілігін осындай біртуарлықтан танып-біліп, ұрпағымызға өнеге қылсақ, лайықты-ақ болар!

Ал сол батыр Баукеңнің, даңқы жер жарған дивизия командирі Бауыржан Момышұлының ержүрек ата-бабаларының сонау орыс-француз соғысында арғымақтарын ойқастатып, Наполеон әскерлерін Мәскеуден Парижге дейін өкшелеп қуып барғанын білеміз бе?

Сөзіміз негізсіз емес, батыр Баукеңнің ата-бабаларының жұртынан, яғни, Ұлы жүзден бұл соғысқа 50 мың адам қатысыпты. Жалпы соғысқа қатысқан 92 мың қазақтың жартысынан астамы Үйсін-Дулат жұртынан болса, Кіші жүзден 30 мың, Арғыннан 12 мың жауынгер қатысыпты деген дерек жиі кездеседі. Бұл деректерді жоққа шығаратын қарама-қайшы көзқарастар да баршылық екенін айтуға тиіспіз. Мысалы, тарих ғылы-

мының докторы, профессор З. Қабулдинов: «Ұлы жүз руларынан 50 мың адамның бұл соғысқа қатысуы мүмкін емес, өйткені, ол кезде патшалық Ресейге тәуелді емес еді, және ел ішінде бұл кездерде отаршылдық саясатқа наразылық күшейіп тұрған» дейді. Бұл пікірдің де жаны бар шығар, Сырым Датұлының көтерілісінің ізі де суымаған уақыт, қазақ елінің әр тұстарында отарлаушылық өктемдікке наразылықтар жиі-жиі бой көтере бастаған. Дегенмен, ортақ мүдделі қарым-қатынастар да жоқ емес еді, патшалық Ресейдің Қазақ Ордасымен ертеден тығыз байланыс орнатып келгенін қалайша жоққа шығарамыз?

Мәселе, тек тәуелді, тәуелсіздікке тіреліп қалмаған шығар. Аса көңіл бөлетін маңызды мәселе, қазақтардың бұл соғысқа қатысуы империялық өктемдіктен туындап отырған жоқ, екі елдің өзара келісімімен болған жағдай. Қайта Ресей кішірейіп, басына күн түсіп, қазақ хандарынан көмек сұрап отыр емес пе? Әрі бұл әрекетте Қазақ Ордасының әлеуетін, шама-шарқын мойындаушылық та бар. Әйтпесе, расын айтқанда, ол тұстағы Ресей кімге басын иетіндей осал жұрт еді? Осындай абыройлы биігімен барып, ерлік көрсетіп, соншалықты деңгейдегі алып елдің жауының бетін тойтарып берсе, керісінше, мақтаныш тұтар жөніміз бар шығар.

Орыстардың француз әскерінен ойсырай жеңіліп, қазақ және өзге түркі тектес «жабайы кентаврлар» деген атқа ие болған әскердің арқасында француздардың бетін зорға қайтарып, өз елдеріне дейін тықсырып қуып баруына себепкер тағы бір маңызды фактіні ескермей кетуге болмас. Қазақ хандары Александр бірінші патшаның өтінішімен соғыс шығындарының орнын толтыруға және әскерді соғысқа жарамды таңдаулы ат, азық-түлікпен қамтамасыз етуге көптеп көмектескен. Дәл сол соғыс үстінде осының бәрі шешуші маңызды фактор саналғанымен, астамшыл империя түпкілікті мақсатына жетіп алғаннан кейін мұның бәрін ұмытқан, немесе, өз тарихына көлеңке түсіруі мүмкін мағлұматтарды саналы түрде жойып отырған, яғни, ұлы орыс империя-

сының абырой-беделіне нұқсан келмеуін ойластырған...

Өзгелердің жақсылығын, адалдығын қасақана елемеу, өзеуреген менменшілдік – Ресей отаршыларының қашанғы әдеті, елдік ұстанымы болып келгені белгілі. Кейінгі пайда болып жатқан деректерде, тіпті, қазақ жауынгерлерінің осы шайқастар үстінде қай елдімекен, қала, деревняларды азат етуге қатысып, патша тарапынан қандай марапаттауларға ие болғанына дейін келтірілуде. Біз бұл мәселелерді тарихшылар еншісіне қалдырайық, тек айтарымыз, ел тарихының нақтылана түсуі, күннен-күнге айқындалып келе жатқаны ортақ қуанышымыз, елдігіміздің туының асқақтауы, ұрпағымыздың мерейінің көтерілуі деп ұғамыз, осының өзі шексіз шаттық сезіміне бөлейтінін жеткізгіміз келеді.

Ал енді, қай соғысқа қандай рулардың қатысқандығы империя үшін маңызды болмаған шығар, ал қазақ тарихы үшін аса маңызды деп білеміз. Ата-бабаңның кім екенін, қандай ерлік жасағанын білмеу өз тегін танымаған тексіздікке жетелейді. Өзгеге құлдық ұру, басқаның қасиетіне бас ұрып, табыну осындайдан шығатынын тарихымыз әлдеқашан дәлелдеген. Ақ патшаға табынған, Ленинге, Сталинге құлдық ұрып, әулиедей табынған замандарды бастан кешкеніміз бүгінде жасырын емес...

Тегіңді тану жікшілдік емес

Өз ата-бабаңды тануың – жікшілдігің емес, тамырыңның тереңде жатқандығын білуге деген талпынысың, тегіңді тануға ұмтылысың болмақ. Осыны аға буын өкілдері, біздер, кейінгі ұрпаққа ұқтырып, ара жігін айырып, түсіндіріп отыруға мүдделіміз. Мұны біз айтпасақ, ұрпағымыз кім екенін түс көріп білер ме? Тек түпкі мұрат – Алаш баласына ортақ қазақтық мүддеден айырылып қалмасақ болғаны. Және қосарымыз, жоғарыдағы мағлұматтар осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының соңғы нәтижесі болмауға тиіс, бұрынғы отар елдердің тарихы-

ның көмбеде қалып келіп, енді жарыққа шығарыла бастауында заңдылық бар, олардың жалғаса беретіні сөзсіз.

Ендігі бір маңызды мәселе, бұл соғыс туралы деректерді қазақ-орыс архивтерінен іздеудің өзі аздық ететіндей. Тарихшыларымыздың дәлелдеуінше, француз елінен қазақ жауынгерлерінің сол соғысқа қатысуы туралы маңызды деректер табылған. Мәселен, Наполеонға мәлімдеме жолдаған француз генералдарының бірі Роберт: «Орыстар бізге қарсы моңғолдар тобын жіберді. Былғары тон киіп алған бұл адамдар қорқуды да, мейірімділікті де білмейді. Олар қатты ұрандатып қарсы шапты.../Автордан: бұлардың қазақтар екенін осыдан-ақ аңғаруға болар. Қазақтардың не «Абылайлатып» хандарының атымен, немесе, батырларының әруағын шақырып ұрандатып, ұрысқа кіретіні, осылайша жаудың құтын қашыратыны белгілі. Тіпті, ядролардың жарылысы да оларды қорқыта алмады. Олар өздерінің негізгі қару-жарағы ретінде садақ пен жебені пайдаланады. Олар біздің зеңбірекшілеріміздің басын көтертпеді. Бұл адам сенбестей, мүмкін еместей жағдай болды. Бізге бұл баяғы Шыңғыс ханның әскерлері жер астынан шыға келгендей қорқыныш тудырды» деп жазыпты. Тағы бір осындай француз қолбасшысының мәлімдемесінде: «Орыс әскерлерінің құрамында болған жабайы азиаттардың қимылдары орасан. Қолдарындағы қарулары қарапайым, садақ, найзалар ғана болғанымен бет қаратпайды. Мергендіктері сондай, жауының осал жеріне, көзіне, әйтпесе, басқа бір нәзік жерлеріне дәл тигізеді...» Міне, осы, белгілі себептермен, орыс, француз тарихында, біресе, «жабайы азиаттар», енді бірде «жабайы кентаврлар», болмаса, сонау ескі дәуірдегі Шыңғыс ханның әскерлерін елестетіп жүрген сарбаздардың қазақтар екені күмән тудырмайды. Олардың тарихында қазақ әскерлерінің жабайы сипатталатынын намыс қылар да жөніміз жоқ, әрине, ол кездегі қазаққа орыс пен француздың соғысқа арнайы тіктірген әскери әдемі мундирлері қайдан келсін. Бірақ, ең ғажабы, осы қазақтар мен олармен бір-

ге жүрген бауырластарының үстіне киген киімі, жасанған сауытына дейін жауға үрей тудырып, құтын қашырыпты. Осыны ескерген ақылды Наполеон мен оның қолбасшылары кейінірек өз әскеріне осындай сауыт, киімдер кигізіп, түрлі соғыс қимылдарында пайдаланғаны туралы деректер де кездеседі. Осының бәрі біздің тарихымызды тани түсу үшін маңызды деп ұғамыз.

Тарихты түгендеу – тарихшыларға сын

Тек, дәл қазақ атауымен аталмағандығы болмаса, орыс армиясына қосымша күш берген, француз әскерінің үрейі ұшып қашуына себепкер болғандардың кім екенін біздің отандық тарихшыларымыз да, негізгі соғысушы екі үлкен империялық елдің тарихшылары да айқындап, болжаған секілді. Бір жағдайды ұмытпауымыз керек, қай елдің де тарихи ұстанымында империялық өзімшіл мүддесімен бірге, халықтық ортақ мүддесі танылады. Ал сол халықтық мүддеден сүзгіден өткендей сүзіліп әділетті тарих ертелі-кеш бетіне қалқып шығады. Мысалы, патшалық Ресей өз тұсындағы империяшыл зорлықшыл, отаршыл қоғамды қаншалықты сүттен ақ, судан таза етіп көрсеткісі келгенімен, Пушкині мен Лермонтовы, Белинский мен Гоголы, Толстой мен Чехов секілді алдыңғы қатарлы, дана шығармашылық өкілдері оның сантүрлі былығын ашып, әшкерелегендігі белгілі. Яғни, империялық өзімшілдік пен халықтық демократиялық мүдде екі бөлек ұғым екендігін айыру маңызды екендігі сөзсіз.

Тарихты танығанда, парасатты ой мен көрсоқыр өзімшілдіктің аражігін ажыратып, салиқалы тұжырымды түйін түйе білу, арлы ақиқатқа жүгіну – алаш баласының елдік мүддесіне айналуына ұмтылысы мен талабының нәтижесі болмақ, ұрпағымызды осыған бағыттау үлкен мұратымыз. Тарихи көзқарас та тек империялық үстемдікке тәуелді болып қала алмасы анық. Міне, соның жарқын бір дәлелі ретінде қазақ тарихы да өзінің шынайы болмысын тауып, елдігіміздің биік тұғырын көтере түсуде.

СОТТЫҢ АБЫРОЙЫ – ӘДІЛ БИЛІГІНДЕ

Ата Заң – барлық құжаттардың қайнар көзі, бастауы болып табылады. Кез келген мемлекеттік орган, мекеме, ұйым өзінің қызметінде Конституцияны басшылыққа алып, өз қызметтерін жүзеге асырады. Ата-бабаларымыз қаншама қиындықты бастан өткерсе де, халқымыздың мықты ерік-жігерінің арқасында тәуелсіздікке қол жеткізді, 1991 жылы егемен еліміздің туы көкке көтерілді. Тәуелсіз отанымыздың тұңғыш Президенті сайланып, дербестігімізді растайтын мемлекеттік рәміздері бекітілді.



Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,
Ұлытау облыстық сотының судьясы,
Қазақстан Журналистер одағының
мүшесі

Еліміздің негізгі заңы уақыт сынынан сүрінбей өтіп, өзінің өміршеңдігін және белгілі дәрежеде болып жатқан өзгерістерге икемділігін дәлелдеп шықты. Оның негізгі қағидалары халықаралық стандарттарға сай келіп, қоғам мен мемлекетті дамытудың қазіргі кезеңдегі негізгі үрдістерімен үйлесім тапты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ел заңдарының мәні мен мазмұны, заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің бүкіл қызметі адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталғанын нақты айқындап берді.

Біздің елімізде конституциялық ереже-

лерді негізге ала отырып кез келген мүдделі тұлға өзінің құқығы мен бостандығын, заңмен қорғалатын мүдделерін сот арқылы қорғай алады.

Ата Заңымыздың қағидаларында сот билігі Қазақстан Республикасындағы біртұтас биліктің бір тармағы ретінде танылды. Соттар мен судьялардың мәртебесі заңнамалық тұрғыда белгіленді. Қазақстан Республика-

сында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамыз етуге қызмет етеді.

Республикамыздың Ата Заңы қоғамдық қатынастарды бүкіл әлемдік үрдістерге сәйкес қорғап, дамытады. Атап айтқанда, Конституцияның 1-бабы Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялайтынын бекітеді. Алайда, демократиялық құқықтық мемлекет дамудың басты мұраты және қорытынды нәтижесі емес. Ол алыс-жақын түбегейлі мақсаттарға жетуді көздеген қозғалыс, ұмтылыс. Қазақстан Республикасы демократияның аясын кеңейте отырып, бір мезгілде мемлекеттік билікті бекітуі, күшейтуі керек, өйткені, тарихи тағылым далалық демократияның жетегінде мемлекеттік биліктің әлсіреуінен біртұтас қазақ хандығының бірнеше ұсақ хандықтарға бөлініп, ақыры егемендігінен айырылып, патша бодандығының құрсауына түскендігін көрсетті.

Конституцияда көрсетілген саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттар Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында мәлімделген кең тынысты бағдарламасын орындау арқылы жүзеге асырылуда.

Қазіргі кезде Республикада сот жүйесін нығайту мен жаңашаландыру бағытында ауқымды шаралар жүзеге асырылып жатыр. Бұл қоғамымыздың әлеуметтік-саяси, экономикалық қатынастарының түбегейлі өзгеруінің, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және құқықтық мүдделерін тиімді қорғауға пәрменді жаңа тәуелсіз сот билігін құруының негізінде қамтамсыз етілді. Сот төрелігін іске асырудың тиімділігі азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа деген көзқарасына және қоғамның

билікке деген сенім деңгейіне байланысты. Мықты әрі тәуелсіз сот билігі мемлекет және азаматтық қоғамның үйлесімді өзара қатынасының түбегейлі кепілдерінің бірі, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы болып табылады.

Соттар мен судьялардың мәртебесі заңнама тұрғысынан анықталып, сот төрелігін жүзеге асырудың құқықтық кепілдіктері нығайды. Елімізде сот реформасы жүріп жатыр. Соның нәтижесінде бүгінде озық елдер үрдісі мен үлгісіне ұмтылған тәуелсіз сот билігі, сондай-ақ, сот төрелігін жүзеге асырудың өркениетті жүйесі қалыптасты.

Сот жұмысын халық үшін барынша ашық және жария ету жолында Жоғарғы Сот пен барлық соттарда бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз кәсіби байланыс орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ жекелеген тұлғалар сот қаулыларымен, соттардың іс тәжірибесінің үлгілерімен Жоғарғы Соттың веб-сайты арқылы танысуға мүмкіндік алды. Соңғы жылдары «Жаңа сервис – «Сот кабинеті» арқылы сотқа электронды түрде талап арыз, шағым, өтініш беруге, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құжаттарды осы тәртіп арқылы қадағалап отыруға болады. Пайдаланушы қалаған уақытында сот құжаттарын қарап, іс бойынша сот актілерін басып шығара алады. Азаматтардан соттарға толассыз түсіп жатқан өтініштер санының артуы халықтың сот жүйесіне деген сенімін, олардың өз мүдделерін қорғау үшін сотқа арқа сүйенетінін көрсетеді.

Тәуелсіз еліміздің өрісі кеңіп, одан әрі дамуында заңның үстемдігін орнықтыра түсу зор маңызға ие. Қоғамымызда заңның жаршысы және заң үстемдігін құрушы бірден-бір тұлға судьялар қауымы екені белгілі.

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында: «Құқықтық мемлекеттің маңызды шарты – туралықтан танбайтын әділ сот төрелігінің болуы. Қоғамның соттарға деген сенімін орнықтыру басымдылығы бар мақсатқа айналуы керек. Бұған мемлекет пен судьялар корпу-

сының өз күштерін жұмылдыру арқасында ғана қол жеткізуге болады», – деген болатын.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері сот жүйесі сан қырлы реформаларды басынан өткеріп, оң жетістіктерге жетті. Ашықтық пен жариялылық, ақпаратқа қол жетімділік тетіктерін жетілдіру бағытында сот жүйесінде түрлі электрондық технологиялық жаңалықтар енгізіліп, қазіргі уақытта халық игілігіне жұмыс жасап жатыр. Мәселен, жергілікті соттар жұмысының тыныс-тіршілігі интернет желісіндегі соттардың арнайы парақшасында көрініс тауып, сот саласында болған соңғы жаңалықтар, қаралған істер жайлы ақпараттар халық назарына кеңінен ұсынылып келеді.

«Көш жүре түзеледі» демекші, сот жүйесіне енген лайықсыз кадрлардан арылу механизмі де іске асырылып отыр. Олай болса, ендігі мәселе сот жүйесінің белсенді тұлғасы – судья лауазымына үміткерлерді іріктеуге басты назар аудару қажет екені анық.

Жалпы сот жүйесінде жүргізілген реформалардың тиімділігін шолушы да, баға беріп, таразыға салушы да – халық. Сондықтан, әрбір судья соттың абыройы әсем ғимарат, әдемі көлік емес, әділдігі мен тазалығында екенін ескеріп, әділ биліктің ең биік өлшемін қалыптастыруға тиіс.

Бүгінгі таңда соттылықтың ара-жігін ашу үдерісі аяқталып, үш буынды сот жүйесі енгізілді. Алқабилер институты табыспен жұмыс істеуде. Барлық өңірде мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар ғана емес, сонымен қатар, мамандандырылған әкімшілік, азаматтық, әскери және қылмыстық соттар жұмыс істеуде. Сондай-ақ, ювеналдық, тергеу соттары құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының жанынан сот төрелігі институты құрылды. Барлық соттарға дыбыс, бейнеқұжаттау жүйесі енгізілді.

Елімізде сот қызметін жетілдіру, жүйенің барынша ашықтығын, қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешені қабылданып, ауқымды

жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл мәселелер Республика Судьялары одағының VIII съезінде де талқыға салынған болатын. Онда судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, сот жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатуға бағытталған қадамдар барынша жаңғыртылды. Мұндағы басты мақсат – тәуелсіз Қазақстан халқының сеніміне қол жеткізу болатын.

Қазіргі күнде де әділеттілікті орнатын, дауларды шешетін бірден-бір орган ретінде сот жүйесінің тиімділігін арттыру мен мүмкіндігін кеңейтуге байланысты реформалар жалғасын табуда. 2020 жылы 29 маусымда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануы әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік құқықтық қатынастарда мемлекет пен азаматтардың (ұйымдардың) арасында туындайтын дауларды шешу бойынша арнайы сот өндірісінің жаңаша жүйесін бекітті. Бұл әкімшілік юстиция институтының негіздерін қалыптастырды.

Аталмыш заң мен жаңашылдықтар 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енді. Қазіргі кезде, арнайы әкімшілік сот өндірісінің енгізілуі мемлекеттік органдардың сапалы әкімшілік шешімдер мен актілерді қабылдауын қамтамасыз етеді және соттық бақылауды орнату, азаматтар мен ұйымдарға билік органдарының үстемдік етуі мен заңсыз әрекетінің жолын кесу, жаңа сот өндірісінде дәлелдемелерді жинау барысында соттардың белсенділігін арттырып, процестегі тараптар теңдігін қамтамасыз ету, кейбір дауларға қатысты міндетті сотқа дейінгі шағымдану институтын анықтау, арыз-шағымдарға қатысты жеделдетіп қарау тәртібін енгізу сияқты негізгі және прогрессивті тетіктердің болуымен ерекшелене бермек.

Бұлар өз кезегінде жаңадан құрылған әкімшілік юстицияның алдағы уақыттағы даму болашағын көрсетіп, мемлекеттік органдар алдында азаматтар мен бизнестің, ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың аясын кеңейтеді.

СОТ АКТІЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ НОРМАЛАРЫ

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі.



**Н.БЕКЕТАЕВ,
Шиелі аудандық сотының
төрағасы**

1991 жылы еліміз өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басталған саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Егеменді елдің сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды. Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң-ережелер жетілдіріліп келеді. Сол заңдармен бірге жаңадан қабылданған Азаматтық процестік кодексі де заман талабына сай өзгерді. Осы жаңадан қабылданған Азаматтық процестік кодекстің қолданылуы барысында бұрынғы кодекске қарағанда, көптеген жаңашылдықтардың енгізілгені анықталып отыр.

Оның біріншісі – жаңа кодексте қайта қарау негіздерінің бірі, яғни арыз берушіге

белгілі болмаған және белгілі бола алмаған іс үшін елеулі мән-жайлар пайда болған кезде сот қаулылары жаңадан ашылған мән-жайларға сәйкес қайта қаралуға жатады деген негіздің алынып тасталуы.

Бәрімізге белгілі, бұрынғы Азаматтық іс жүргізу кодексінде осы аталған негізбен көптеген заңды күшіне енген сот қаулылары жаңадан ашылған мән-жайларға байланыс-

ты қайта қаралып жататын. Өйткені, арыз берушіге белгілі болмаған іс үшін елеулі мән-жайлар деген негізге тараптар кез келген мән-жайларды жатқызып, сотқа арыздар беретін.

Ал қазіргі қолданыстағы жаңа кодексте бұл мәселе нақтыланып, жаңадан ашылған мән-жайларға не жататындығы анық көрсетілген.

Шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін:

1) заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған куәгердің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

2) заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған тараптардың, іске қатысатын басқа да адамдардың не олардың өкілдерінің қылмыстық құқық бұзушылығы немесе судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы;

3) осы шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің, ұйғарымының немесе қаулысының өзге де мемлекеттік орган қаулысының күшін жою негіздер болып табылады.

Сонымен қатар, қолданыстағы кодексте жаңа мән-жайларға байланысты заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау үшін тағы да қосымша үш негіз көрсетілген.

Олар:

1) істі қарау және шешу кезінде преюдициалдық маңызы болған сот актісінің күшін жою;

2) сот актісі шығарылғанда негізге

алынған мәмілені жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі;

3) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің сот актісі шығарылған кезде қолданылған заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді конституциялық емес деп тануы жатады.

Арыздың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды сақтай отырып берілген сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз тиісті соттың іс жүргізуіне қабылданды. Арызды соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені ол сотқа келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті соттың судьясы жеке-дара шешеді.

Сонымен қатар, тиісті соттың судьясы, егер сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешу кезінде арыздың осы кодекстің 456 және 457-баптарында белгіленген қағидаларды бұза отырып берілгенін, арыздың белгіленген мерзім өткеннен кейін берілгенін және оны қалпына келтіру туралы өтінішхаттың жоқ екенін немесе арыз берудің өткен мерзімін қалпына келтіруден бас тартылғанын, арыздың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптардың сақталмағанын анықтаса, арыз берушіге қайтарылады.

Осы тұста айта кететін мәселе, жаңадан ашылған мән-жайлар олар пайда болған кезден бастап үш айдың ішінде қаралуы керек. Ал аталған мерзім өтіп кетсе арызды қанағаттандырусыз қалдыруға бірден-бір негіз болады.

Сот жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны қайта қарау туралы арызды сот отырысында қарайды. Арыз берушіге және іске қатысатын адамдарға арызды қарау уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда, олардың келмей қалуы арызды қарауға кедергі болмайды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ



Медиація өзінің мәні бойынша үшінші мүдделі емес тараптың қақтығыс немесе даулы жағдайда келісім іздеуде екі немесе одан да көп басқа адамдарға жәрдемдесуін білдіреді. Медиація XX ғасырдың екінші жартысында қолданыла бастады. Оны бірден бірнеше елде пайда болған деп атауға да болады – алғаш англо-саксондық заң жүйесімен біріктірілген АҚШ, Австралия және Ұлыбритания елдерінде қолданылды. Кейінірек дау-жанжалды шешудің бұл әдісі Еуропада да кең таралды және қазіргі уақытта ол Жапонияда, Қытайда, Кореяда, басқа да көптеген елдерде қолданылады. Бүгінгі таңда медиація Қазақстанда да белсенді дамып келеді.

Жалпы алғанда, медиация өзара түсіністікке қолжеткізу және жанжалды жағдайды шешетін шарт жасау мақсатында бейтарап тұлға – медиаторды тарта отырып, ерікті келіссөздерге кіру жолымен жанжалдасушы тараптарды татуластыру рәсімін білдіреді.

2011 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті «Медиация туралы» заңға қол қойды. Осы заңның қабылдануымен елімізде медиаторлардың қатысуымен дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту үшін құқықтық жағдайлар жасалды.

Қылмыстық процеске медиатордың қатысуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 64, 71 және 85-баптарымен реттелген. Қылмыстық процестік кодекспен медиаторға қылмыстық процесте мынадай құқықтар берілген:

1) медиация тараптарына қылмыстық процесті жүргізетін орган беретін ақпаратпен танысуға;

2) медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылар туралы деректермен танысуға;

3) қылмыстық-процестік заңға сәйкес кездесулердің саны мен ұзақтығын шектемей, медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылармен оңаша және құпия кездесуге;

4) тараптарға медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасуға жәрдемдесуге құқылы.

Бұған қоса келесі міндеттер жүктелген:

1) медиация жүргізген кезінде медиация тараптарының келісуімен ғана әрекет жасауға;

2) медиация басталғанға дейін медиация тараптарына оның мақсаттарын, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

3) медиация рәсімін өткізуге байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Медиатор тараптардың келісімімен медиация рәсімін қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініш пен хабарлама тіркелген кезден бастап және қылмыстық процестің кей-

інгі кезеңдерінде үкім заңды күшіне енгенге дейін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңына сәйкес, медиацияны қолдану аясы жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардағы, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық іс жүргізу барысында қаралатын даулар мен жанжалдарды айқындады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Сонымен қатар, аталған баптың 2-бөлігінде жекелеген азаматтарға (қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге) қатысты ауыр қылмыстар түрлері бойынша да медиативтік рәсімдер жасасу мүмкіндігі көзделген. Жоғарыда аталған адамдар, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес қылмыстар жасаған болса қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ақтоғай аудандық сотында медиативтік келісімдер жасасумен тоқтатылған қылмыстық істердің саны жыл сайын артып келеді. Мысалы, ағымдағы жылы Ақтоғай аудандық сотында Қылмыстық кодекстің 188-бабының 1-бөлігімен айыпталып сотқа берілген Т-ға және Г-ға қатысты екі қылмыстық іс

қаралды. Сотта екеуінің де бөтеннің мүлкін жасырын жымқырғандары, яғни Қылмыстық кодекстің 188-бабының 1-бөлігімен қамтылған меншікке қарсы қылмыс жасағандары толық дәлелденді, бірақ сотталушылардың жәбірленушілермен медиация тәртібімен татуласып, келтірілген зиянды өтеулеріне және өзара бітімгершілікке келулеріне байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес сотталушылар қылмыстық жауапкершіліктен босатылды, оларға қатысты қылмыстық істер тоқтатылды.

Медиацияны жүргізу тараптардың медиация туралы шарт жасасқан күнінен басталады. Шарт жазбаша нысанда жасалады. Шартта шарттың жасалған күні, уақыты және орны, дау-жанжал тараптарының атауы, өкілеттіктерін көрсете отырып, олардың өкілдерінің тегі мен аты-жөні, лауазымы, даудың мәні, медиация тараптары таңдаған медиатор туралы мәліметтер, медиацияны жүргізуге байланысты шығыстардың шарттары, тәртібі мен мөлшері, ал медиацияны кәсіби негізде жүзеге асырған жағдайда – медиаторға сыйақы төлеу, медиацияны жүргізу тілі, медиацияны жүргізудің құпиялылығы туралы тараптардың міндеттемесі және осындай міндеттемені орындамаудың салдары, медиация тараптарының дау-жан-

жалды реттеуге қатысатын медиатордың медиация тараптары үшін залалдарға әкеп соққан әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауаптылығының негіздері мен көлемі, тараптардың деректемелері, медиацияны жүргізу мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Медиация туралы заңның 27-бабына сәйкес, қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген, дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды жәбірленушімен татуластыру арқылы дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімді білдіреді.

Көрсетілген келісім жазбаша нысанда жасалады және іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан қылмыстық процесті жүргізетін органға дереу жіберіледі және қылмыстық-процестік заңнамада көзделген жағдайларда қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болып табылады.

Адамды қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешімді іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан қылмыстық процесті жүргізетін орган, сот қабылдайды.

Е.БОРАНБАЕВ,
Ақтоғай аудандық сотының төрағасы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢ

Қазақстанның сот жүйесі апелляциялық, әкімшілік және кассациялық сатылардан тұрады. Апелляциялық сатыда азаматтық және қылмыстық істерді қарайтын аудандық және қалалық соттар бар. Әкімшілік соттар әкімшілік құқық бұзушылыққа байланысты дауларды және азаматтар мен билік арасында туындайтын дауларды қарайды. Кассациялық сатылар сот жүйесінің жоғары сатысы болып табылады және төменгі сатыларда қаралған істер бойынша апелляциялық және кассациялық істерді қарайды.



А.ЖОЛДЫБАЕВ
Шиелі аудандық сотының
судьясы

Азаматтардың сот процесінің қатысушылары болып, сот шешімімен келіспейтін немесе шығарылған шешімді әділ емес деп санайтын жағдайлар болып тұрады. Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішат

келтіруі мүмкін. Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы тараптарға, іске қатысатын басқа да тұлғаларға тиесілі.

Апелляциялық өтінішхат келтіру құқығы істі қарауға қатысқан прокурорға тиесілі. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар және олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар және олардың орынбасарлары өз құзыреті шегінде істі қарауға қатысу-қатыспауына қарамастан, шешімге апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы. Іске қатысуға тартылмаған, бірақ сот олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты шешім қабылдаған адамдар да апелляциялық шағым жасауға құқылы.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты іске қатысатын адамдардың санына қарай көшірмелерімен қоса сотқа беріледі. Қажет болған жағдайларда судья шағым берген немесе өтінішхат келтірген тұлғаны шағымға, прокурордың өтінішхатына қоса берілген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін іске қатысатын адамдардың санына қарай беруге міндеттей алады.

Қазақстанның сот жүйесі істерді қарау процесінің тәуелсіздігі мен әділдігін қамтамасыз ететін бірқатар принциптерге негізделген. Сондықтан, кінәсіздік презумпциясы Қазақстандағы сот жүйесінің негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Бұл қағида бойынша әрбір айыпталушының кінәсі белгіленген тәртіпте дәлелденгенге дейін кінәсіз деп есептеледі. Әрбір Қазақстан азаматының әділ сот талқылауына құқығы бар, оған сәйкес қорғану, өз құқықтары мен айыптары туралы ақпаратқа қол жеткізу, куәлардың қатысуы мен жауап алу құқығы кіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабы үшінші тармағының талаптарына сәйкес заңды күшіне енген сот үкімдері мен өзге де қаулыларының республиканың аумағында міндетті күші бар екені және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің ережелеріне сәйкес дереу орындалуға жататыны түсіндіріледі. Осыған байланысты қылмыстық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау ерекше жағдайларда, қатаң түрде ҚПК-нің

ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға және олардың орындалуына кедергі келтірмеуге тиіс.

Іс кассациялық сатыға келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс. Бұл мерзім істің күрделі болуына байланысты, сондай-ақ өзге де дәлелді себептер болған кезде істі қарайтын соттың қаулысымен, бірақ, әр ретте бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Кассациялық сатыдағы сот отырысын тағайындау негізінде алдымен шағым, наразылық келіп түскен кезде кассациялық сатының судьясы істі талап етіп алдырып, ол келіп түскеннен кейін оны қарау күнін белгілейді. Екіншіден, тараптарға істің кассациялық сатыда қаралатын уақыты мен орны туралы хабарланады. Күзетпен ұсталып отырған сотталған адамды шақырту туралы мәселені кассациялық сатыдағы сот шешеді. Күзетпен ұсталып отырған сотталған адамнан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде кассациялық сатыдағы сот отырысына қатысу туралы өтінішхат келіп түскен кезде кассациялық сатыдағы сот істі сотталған адамның тікелей қатысуымен не аталған адамның қашықтықтан қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып қарау туралы қаулы шығарады, оны орындау үшін тиісті органдарға жібереді.

Үшіншіден, кассациялық отырыстың орны мен уақыты туралы уақытылы хабардар етілген адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Жекеше айыптау істерін қоспағанда, кассациялық сатыдағы соттың отырысына прокурордың және қорғаушының қатысуы міндетті.

Кассациялық шағымдар, наразылықтар келтіру құқығы бар адамдар, сондай-ақ үкім, қаулы шығарылғаннан кейін тапсырма алған сотталған адамның, ақталған адамның қорғаушысы немесе жәбірленушінің өкілі кассациялық сатыдағы соттың отырысына барлық жағдайда да жіберіледі. Берілген шағымдарды немесе наразылықтарды не оларға қарсылықтарды негіздеп сөйлеу

үшін өздерінің өтінуі бойынша оларға сөз беріледі.

Егер барлық қатысушылар шағым жолдаған кезде не сот отырысы туралы хабарлама алған соң іс жүргізуді өздерінің қатысуынсыз жүзеге асыру туралы мәлімдесе, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарау туралы шешім қабылдауға құқылы. Егер сот олардың келуін міндетті деп таныса, істі қарау кейінге қалдырылады және тиісті адамдарды шақырта отырып, сот отырысының жаңа күні тағайындалады.

Істерді кассациялық сатының қарау тәртібі негізінде төрағалық етуші сот отырысын ашады, қандай істің қаралатынын және кімнің кассациялық шағымы немесе наразылығы бойынша екенін хабарлайды. Содан кейін төрағалық етуші соттың құрамын, іс бойынша тараптар болып табылатын және сот отырысына қатысып отырған адамдардың тегін, сондай-ақ аудармашылардың тегін хабарлайды және отырысқа қатысып отырған адамдарға істі кассациялық сатыда қарау кезіндегі құқықтарын түсіндіреді.

Төрағалық етуші іс бойынша келген процеске қатысушылардан олардың қарсылық білдірулері мен өтінішхаттары туралы сұрайды және сот оларды қарау нәтижелері бойынша заңда көзделген тәртіппен қаулы шығарады. Егер процеске қатысушы кассациялық шағым, наразылық беру кезінде шағым жасау мерзімін өткізіп алғаны туралы өтінішхат мәлімдесе, онда осы өтінішхат бірінші болып қаралуға жатады. Өтінішхат негізді деп танылған кезде сот оны қанағаттандыру туралы және мерзімін өткізіп алып берілген шағым, наразылық бойынша кассациялық іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарады және істі кассациялық сатыға уақытылы берілген шағым, наразылық бойынша қарауды жалғастырады.

Істі қарау кассациялық шағым немесе на-

разылық берген процеске қатысушының сөзінен басталады. Егер мұндай қатысушылар бірнешеу болса, төрағалық етуші тараптардың пікірін ескере отырып, олардың сөйлеу кезектілігін белгілейді. Процеске қатысушылар сөйлеген сөздерінде сотқа дейінгі іс жүргізу барысында не бірінші сатыдағы немесе апелляциялық сатыдағы сот кассациялық қарау нысанасына жататын, заңды қолданудағы бұзушылықтармен байланысты қандай мән-жайларға жол бергенін, оның неден көрінгенін және іс бойынша қабылданған шешімнің мәніне қалай әсер еткенін көрсетеді.

Кассациялық сатыдағы сотқа қатысатын прокурор қарастырылып жатқан кассациялық шағымдар бойынша пікірін айтады, наразылықта көрсетілген дәлелдерді баяндайды, іс бойынша жасалған сот актілерінің заңдылығы туралы қорытынды береді.

Сөз сөйлеушілер кассациялық шағымда немесе наразылықта келтірілген дәлелдерді растау немесе теріске шығару ретінде кассациялық сатыға қосымша материалдар ұсынуға, бұл ретте сотқа олардың қандай жолмен алынғанын және оларды ұсыну қажеттігі неге байланысты туындағанын хабарлауға құқылы. Қосымша материалдарды тергеу әрекеттерін жүргізу жолымен алуға болмайды. Сот тараптардың пікірін тыңдап, қосымша материалдарды қабылдау немесе қабылдамау туралы қаулы шығарады. Қосымша материалдар, егер олардың істі шешу үшін маңызы бар болса, егер мұндай материалдарда қамтылған деректер немесе мәліметтер қосымша тексеруді талап етпесе, үкімнің күшін жою немесе оны өзгерту үшін негіз бола алады. Өзге де жағдайларда қосымша материалдар сот үкімінің, қаулысының күшін жою және істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберу үшін негіз бола алады.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖЕКЕ ТІНТУ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заң талаптарына сәйкес, егер тінтуді (жеке тінтуді) кейінге қалдыруға болмаса, онда тінту (жеке тінту) кейіннен материалдарды бір тәуліктік мерзімде тергеу судьясына тексеруге жібере отырып, тергеуші немесе анықтаушының уәжді қаулысы бойынша жүргізілуіне заңмен жол беріледі. Мұндай қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберілуі керек.



Кезек күттірмейтін тінту (жеке тінту) жүргізу туралы қаулы мен тиісті материалдар сотқа келіп түскен соң, тергеу судьясы жүргізілген тінтудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы уәжді қаулы шығарады. Тергеу судьясының қаулысы қылмыстық істің материалына қоса тігілуі тиіс. Жүргізілген тінтудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда, оның нәтижелері қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберілмейді.

Сот-тергеу тәжірибесі көрсеткендей, кезек күттірмейтін тінту (жеке тінту) жүргізу-

де көптеген заң бұзушылықтар орын алады. Мысалы, сот үкімімен К.-ның аса ірі мөлшерде есірткі заты – героинді өткізу мақсатында заңсыз иемденгені және сақтағаны, оның ішінде 0,79 г өткізгені, 0,04 г күртесінің қалтасында сақтағаны, 1,18 г үйінде шалбарының қалтасында сақтағаны үшін кінәлі деп танылып, 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Жоғарғы Соттың алқасы іс материалдарын қарап, ондағы есірткіні сату фактісі мен 0,04 г героинді күртесінің қалтасында

сақтау толық дәлелденген деген қорытындыға келді. Алайда аса ірі мөлшерде (1,18 г) есірткі заты героинді өткізу мақсатында үйінде шалбарының қалтасында заңсыз сақтау фактісі бойынша тергеу әрекеттері жүргізілген кезде заңның өрескел бұзылуына жол берілген. Іс материалдарына тергеушінің кезек күттірмейтін тінту жүргізу туралы қаулысы тіркелген, тінтудің барысы мен нәтижесі хаттамамен бекітілген, алайда кезек күттірмейтін тінту жүргізу туралы қаулы мен тиісті материалдар заңдылығын тексеру үшін мүлдем жолданбаған. Осыған орай, тінту кезінде алынған дәлелдемелер Жоғарғы Сотпен заң күші жоқ деп танылып, заңды күшіне енген үкім өзгертіліп, К.-ға қатысты тағайындалған жаза мөлшері төмендетілді.

Тергеу соттарына заңдылығын тексеру үшін жолданған қаулылар мен материалдарды зерттеу барысында мынадай жағдайлар анықталды. Көп жағдайларда кезек күттірмейтін тінту (жеке тінту) жүргізу туралы қаулыларда не себепті тінтудің тергеу судьясының санкциясынсыз жүргізілгені нақты айтылмайды, сондай-ақ ерекше жағдайлардың сипаты мүлдем ашып көрсетілмейді. Мысалы, қаулылардың басым көпшілігінде тінтудің кезек күттірмейтіндігін тергеуші: «Қазіргі кезде іздестіріліп жатқан объектіні табу ұзақ уақытқа созылып кетуі мүмкін деген нақты қауіп бар», – деп уәждейді. «Объектінің кідіруден жоғалып кету мүмкіндігін» немесе «Нақты қауіптің бар екенін» тергеуші немесе анықтаушы өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайтыны белгілі. Бұл ретте оның заң мен ар-ожданды басшылыққа алуы маңызды. Алайда, тергеушінің бағалауы нақты жағдайда қаншалықты объективті анықтайды? Мұндай сұрақ тергеу судьяларына қиындық туғызады. Оны кейде қылмыс туралы ақпараттың тіркелген кезінен бастап кейінге қалдыруға болмайтын тінту жүргізгенге дейінгі уақыт интервалы арқылы анықтауға болады.

Тағы бір назар аударатын мәселе – қолданыстағы Қылмыстық-процестік заң «кезек күттірмейтін» ерекше жағдайлардың мерзімін де анықтамайды. Бірақ біздің пайымдауымызша, бұл мерзім тінту туралы материалдарды қалыпты жағдайда сотқа жолдаудың және оны сотта қараудың орташа мерзімінен аспауы керек (шамамен бір жұмыс күні). Сондықтан да ерекше жағдайлар-

дың «кезек күттірмейтінін» анықтауда мына мән-жайға көңіл аудару қажет деп ойлаймыз. Егер белгілі бір уақыт интервалы өткеннен кейін (шамамен бір жұмыс күні) тінту жүргізу өзінің актуалдығын әлі де жоғалтпайтын болса, онда бұл тергеу әрекетін кезек күттірмейтін тінту жүргізу деп тануға болмайды. Алайда тінту жүргізуде «кейінге қалдыруға болмайтын» немесе «кейінге қалдыруға болатын» жағдайларды анықтау, ара жігін ашу қиындық туғызады.

Көп жағдайда ол тергеушінің жеткілікті негізсіз әрекет етуіне немесе қызмет бабын асыра пайдалануына әкеліп соқтыруы мүмкін. Осы орайда, қолданыстағы ҚПК-нің кейбір ұғымдарына түсіндіру берілетін 7-бабын «кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар» ұғымымен толықтыру қажет деп есептейміз. Бұл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамға жағдайды берілген ұғым тұрғысынан ұтымды бағалауға және неғұрлым объективті шешім қабылдауға мүмкіндік берер еді.

Кейінге қалдыруға болмайтын тінту (жеке тінту) жүргізудің заңдылығына қатысты тағы бір мәселеге тоқтала кетуді жөн санаймыз. Адамның жеке басын тінту Қазақстан Республикасы Конституциясының 16 және 17-баптарында белгіленген адам мен азаматтың жеке басы мен қадір-қасиетіне тиіспеушілік құқықтарын тікелей қозғайтындықтан, бұл тергеу әрекеті тергеу судьясының санкциясымен жүргізілуі тиіс. Алайда, заңда көзделген кейбір жағдайларда жеке тінту жүргізу арнайы қаулы шығарылмай-ақ, тіпті соттың санкциясынсыз да жүргізіледі. ҚПК-нің 255-бабының 3-бөлігіне сәйкес, жеке тінту, егер заң талаптарын сақтай отырып тінту жүргізіліп жатқан үй-жайдағы немесе өзге орындағы адам іс үшін маңызды болуы мүмкін құжаттарды немесе нәрселерді өзінде жасырып отыр деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, арнайы қаулы шығарылмай және тергеу судьясының санкциясынсыз жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда жеке басын тінту тіпті куәгерлердің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін. Әлбетте, дер кезінде тиісті тергеу әрекетін жасамау құнды деректердің жоғалуына әкеліп соқтыру ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды, сондықтан бұл мәжбүрлі шара болып табылатыны дау тудырмаса керек.

Дегенмен, аталған тергеу әрекеті аяқталғаннан кейін қажетті материалдарды тер-

геу судьясына тексеру үшін жіберілмейтіндігі, тіпті ол туралы прокурорға да хабарланбайтыны заңды сұрақтар туындатады. Атап өтуіміз керек, жеке басты тінту барысында тінту мен алуды жүргізу тәртібінің сақталуын талап ететін арнайы норма бар. Қылмыстық-процестік кодекстің 255-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы кодекстің... 254-бабының талаптарын сақтай отырып,... жеке басына тінту жүргізуге құқылы». Олай болса, тікелей сілтеме жасалып отырғандықтан, 254-бапта (Тінту мен алуды жүргізу тәртібі) көзделген нормалар, оның ішінде соттың санкциясынсыз жүргізілген тергеу әрекетін тергеу судьясының тексеріп, оның заңдылығы (не заңсыздығы) туралы қаулы шығаруы, кезек күттірмейтін жағдайларда жеке басқа тінту жүргізуде де қолданылуы тиіс деген қорытындыға келуге болады.

Алайда аталған 254-баптың талаптарын теориялық қолдану мүмкіндігін мүлдем жоққа шығаратын өзге норма да бар. Ол 255-баптың 3-бөлігінде көзделген, оған сәйкес жеке басты тінту онда көрсетілген жекелеген жағдайларда «...арнайы қаулы шығарылмай және тергеу судьясының санкциясынсыз жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда жеке басын тінту куәгерлердің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.». Бұл жерде ең басты мәселе тергеушіні немесе анықтаушыны жеке басты тінту туралы арнайы қаулы шығару міндетінен босатуда болып тұр. Біріншіден, бұл, жоғарыда аталған 254-баптың 1-бөлігіне тікелей қайшы келетінін көреміз. Онда «Тінту мен алуды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам уәжді қаулы бойынша жүргізеді» делінген. Олай болса, 255-баптың 3-бөлігінде көзделген жағдайларға 254-бапта (Тінту мен алуды жүргізу тәртібі) көзделген нормалар қолданылмайды дегенді білдіреді.

Көріп отырғанымыздай, заң шығарушы кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуде белгілі бір жағдайларда «кейінгі» сот бақылауын белгілесе, келесі бір жағдайларда мұндай бақылауды мүлдем қарастырмайды. Осылайша үй-жайды тінту барысында жүргізілген жеке тінту тергеу судьясының бақылауынан да, қорғауынан да тыс қалатын жағдайлардың бар екенін көреміз. Бұл жерде тұрғын үйге тиіспеушілік құқығы адамның жеке басының бостандығы мен оның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық құқығынан үстемдеу

екенін білдірмесі анық. Аталған конституциялық құқықтардың біріне басымдық беріп, келесіін төмендетуге жол берілмейтінін атап өтуіміз керек. Олай болса, соттың санкциясынсыз жеке тінту жүргізу және оған «кейінгі» сот бақылауының болмауы осы аталған конституциялық құқықтарды бұзу болып табылады, яғни ҚПК-тің 255-бабының 3-бөлігінің 1)-тармағы Конституцияның 16 және 17-баптарына қайшы келеді деп есептейміз. Сонымен қатар, аталған норма ҚПК-нің 10 (заңдылық), 13 (жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу), 14-баптарында (жеке басқа қолсұғылмаушылық) көзделген қылмыстық процестің қағидаттарына қайшы келеді. Біздің ойымызша, жеке тінту жүргізудің аталған «жеңілдетілген» түрін ҚПК-тің 220-бабының 14-бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізу туралы тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде қылмыстық-процестік заңға мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз:

– ҚПК-тің 7-бабын мынадай мазмұндағы 59)-тармақпен толықтыруды: «59) кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар – қылмыс жасаудың жолын кесу және алдын алу қажеттілігімен байланысты туындайтын жағдайлар, сондай-ақ тергеуші мен анықтаушыда тергеу әрекетін жүргізуді кешеуілдетуіс үшін дәлелдемелік маңызы бар заттар мен құжаттарды жойып жіберуге, бүлдіруге, жоғалтуға немесе жасырып қоюға, олардың сақталуы дер кезінде қамтамасыз етілмесе белгілі бір адамдардың немесе табиғи құбылыстардың әсерінен өз қасиеттері мен сапасын өзгертуге әкеліп соқтырады деген нық сенімділік туғызатын жағдайлар»;

– 255-баптың 3-бөлігін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтыруды: «Осы бөліктің 1)-тармағында көзделген жағдайларда тиісті үй-жайды немесе өзге орынды тінту материалдары бойынша жеке тінтудің заңдылығын тексеру осы кодекстің 220-бабының 14-бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізіледі». Осы өзгерістер мен толықтырулар кезек күттірмейтін тінту мен жеке тінтуді құқықтық реттеуді біршама жетілдіріп, құқық қолдануда туындайтын практикалық мәселелерді шешуге септігін тиізеді деп ойлаймыз.

А.ИМАНҚҰЛОВ,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Дариға ӨСКЕНБАЕВА, ипотекалық брокер:

«ДЕЛДАЛДАР ЖҰМЫСЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢ КЕРЕК»

– Баспана бағасы неге шарықтап кетті? Баға қайта түсуі мүмкін бе?

– Бүгінде осы салада жүргеніме 10 жылдай болды. Өз тәжірибемнен айтайын, осы жылдар ішінде үй бағасының түскенін байқамадым. Үй бағасының өсуіне әсер еткен факторларды сіз де, біз де жақсы біліп отырмыз. Бірыңғай зейнетақы қорынан ақша алуға берілген мүмкіндік, көрші елдегі жағдайдың теңге құнсыздануына алып келуі, 7-20-25 бағдарламасының іске қосылуы, «Алматы жастары» бағдарламасы ауқымының үлкендігі – баға өсуінің ең негізгі себептері. Дегенмен, салыстыра қарасақ, алдыңғы жылға қарағанда баға тұрақталып келеді. Тұрақтанатын да жөні бар, себебі соңғы 4-5 ай бойы сатылым түсіп кетті. Қымбатшылыққа алып келгенін байқаған соң, мемлекет те көп бағдарламаларды тоқтатып тастады. «7-20-25»-тің өзі бірнеше кезеңге бөлініп, берілетін болды. Оның өзінде, бағдарлама игілігін көріп жатқандар шамалы. Арнайы берілген орындар бағдарламаны қайта қосқан сайын тез арада толып қалып отыр. Мысалы, осы жылы рекорд болды. 10 секундтың ішінде орын толып қалды. Әрине, осылай жалғаса берсе, баға түсер деп күтуге де болмайды. Өйткені соңғы аптада үй іздеушілер тағы да көбейді. Байқауымша, көбісі – мұғалімдер. Басым бөлігі – «Отбасы банкіне» депозитке қаражатын жиып келгендер. Салдар-себебін оқу жылының басталуымен, грант нәтижелері шығып, жастардың оқуға түсуімен сипаттауға бола-



ды. Оның үстіне нақты ақпар бар. Бүгінде Қытай мен Қазақстан шекарасында кеден жеңілдеп жатқан көрінеді. Ал оның игілігін сондағы қандастарымыз көріп үлгеріп қалмақшы. Келген халық, әрине, үй іздейтіні анық. Сондықтан келушілер толқыны артар болса, қазіргі бағаның өзі көрген түстей жоқ болуы бек мүмкін. Ал келушілер толқынын күз айында байқайтын боламыз.

– Үй сатып аларда неге мән беру керек? Құжаттарды қалай тексереміз?

– Ең алдымен, алғалы жатқан үйдің салынған жылына назар салу керек. Себебі, бізде негізгі оператор – «Отбасы банк». Ал банктің шарты бойынша, панельді үйді 50 жылдан асса, ал кірпіш үйді 60 жылдан асса, кепілге алмайды. Сондықтан неғұрлым салынған жылы жаңа үй қарасаңыз, өзіңізге жақсы. Тіпті, ертең сатқан кезде де қиындықтар туындамайтын болады. Өйткені, жылы ескі үй ипотекаға өтпегендіктен, қолма-қол ақшаға сатуға тура келеді. Ал Алматы секілді ірі қаладан үй алуға көп адамдарда қолма-қол ақша жоқ.

Үй алар кезде біз көбіне оның жөндеу жұмыстарына, жиһазына мән беріп жатамыз. Ол да үйдің бағасына әсер етеді. Егер үй жақсы жерде орналасса, оны алып алуға тырысу керек. Себебі, жөндеу жұмыстары деген уақытша нәрсе. Қолыңа ақша түссе, бір жылда жасап аласың. Үйдің қабатына мән беру маңызды, мүмкіндік болса, бірінші және соңғы қабаттан үй алмауға тырысыңыз. Бірінші қабаттарда көбіне саңырауқұлақ өсу қаупі бар, астындағы магистральдар тозуы мүмкін, ал жоғарғы қабаттарда шатырдан су кету қаупі жоғары. Сондықтан барынша орта тұстан қарау керек. Ал жер үй көрсеңіз, саман мен каркас ипотекаға өтпейтінін есте сақтаңыз.

Жылжымайтын нарық саласында да «алыпсатарлар» кезігеді. Олар ескі, жөндеу жұмыстары нашар үйлерді сатып алады да, арзанқолды жөндеу жұмыстарын жасап, үстіне баға қосып, сатып жібереді. Сатып алушылардың 80-90 пайызы үйдің ремонтна мән беріп, сатып алып жатады. Ал оның кәрізі не болып жатыр, балконы қандай, үйдің тұрған жеріне аса мән бере бермейді. Бір ескеретін жайт, жылдың соңында баға әрдайым қымбаттау болады. Жаңа жылды барлығы өз үйінде қарсы алуға тырысады. Көбінесе осы кезде жылжымайтын мүлікке деген сұраныс жоғары болады. «Өлі кезең» деген бар, ол қаңтар-ақпан айлары. Жаңа жылдан кейін адамдарда ақша бола бермейді. Үй алар кезде сол айларда іздеген дұрыс. Жаз – жылжымайтын нарықтың қара қазаны қайнайтын кез.

Ал құжаттарға келсек, біріншіден, үй

кепілде тұр ма, соны байқауымыз керек. Адамдар арзан бағаға жүгіріп жатады. «Арзанның жілігі татымас» демекші, оның да өз шикілігі болуы ғажап емес. Мысал келтірейін, менің бір клиентім, қателеспесем, әл-Фараби – Жароков қиылысынан бір үй тапты. Үйдің бағасын арзан көрсетіп тұр екен. Клиентім «алам да, аламға» басты. Сосын бір шикілікті сезіп, «беріңізші, қожайынмен тілдесейін» дедім. Қожайынмен тілдесем, үй кепілде тұр екен. Мейлі, кепілде болса, аударып алуға болар деп, қалдық сома анықтамасын сұраттым. Қожайын осыдан бастап «үй інімнің атында», «ол басқа қалада еді», «залог беріп қойсаңыз, ұстай тұрамын» деп, мен қойған сауалдардан, сұраған құжаттарымнан безе бастады. Есіңізде болсын, үйдің құжатын тексермей, ешқашан алдын ала төлем жүргізбеңіз. Ипотекалық брокер ретінде айтарым, егер ипотекаға үй қарасаңыз, бірінші банкпен сөйлесіп, кейін үй қараңыз. Өйткені, сізге ипотека беру, бермеуді банк шешеді. Банк шешімі анық болған соң, соған икемделе үй қарау. Ипотекаға қараған үй бірінші банктің атында болатындықтан, құжат жағынан қателікті банктің өзі жібермеуге тырысады. Ал қолма-қол алам десеңіз, арнайы мамандармен жұмыс жасау сізді алақтардан сақтап қалады.

Қазір жүйе түгел автоматтандырылған. Қазіргі келісімшарттарда штрихкод тұрады. Сол арқылы тексергенде, сіздің үйіңіздің қандай статспен тұрғанын бірден көре алады. Үйдің тіркелген не тіркелмегенін бірден біле алады. Яғни, келісімшарттың форматы жыл сайын өзгереді. Екінші жүретін құжат – техпаспорт, үйдің сипаттамасы. Үйдің мекенжайы және кадастр нөмірі көрсетіледі. Кейінгі техпаспорттарда үй иесінің аты жазылмайды, 2015 жылға дейін жазылып келген болатын. Себебі, үйді сату-сатып алу процесі жиі болғандықтан, техпаспортты қайта-қайта ауыстырмас үшін жасалған. Бұл қағазбастылықты азайту мақсатында жасалған дүние.

Егер үйдің техпаспорты ескі болса, оны міндетті түрде ауыстыру керек. Онда үй иесінің аты-жөні, кадастр нөмірі қаламмен жазылып тұрады, балкон бөлек тұруы

мүмкін, жаңа стандарт бойынша ол жалпы шаршы метрге кіріп тұруы керек. Осының барлығы техпаспортта көрініс таппаса, оны жаңарту керек. Оны қалай жаңартады? ХҚКО-ға барады, тапсырыс береді, ол құзырлы мекемелерге сұрау жібереді. Одан адамдар келіп, үйдің шаршы метрін қайта өлшеп, жаңа техпаспорт пен қорытынды сараптама береді.

Балкон жалпы шаршы метрге кіріп тұрса, үйдің шаршы метрі бірге, кірмей тұрса, бөлек болады. Балконы жалпы шаршы метрге кірмей қалған үйлерді ипотекамен алмай жатады. Бәрібір жаңа техпаспорт сұратады. Қолма-қол ақшамен ала береді. Кейін үй иесі өзі жөндетіп алады.

Жаңа үйлерде көрініс табатын проблемалар – үйдің жоспарын өзгертіп жіберіп жатады. Ал оны техпаспортқа енгізбейді. Ас үйдің қабырғасын алып тастайды немесе бөліп, қабырға тұрғызып алады. Ал оны ипотекаға сататын болса, тағы да өтпейді. Сол себепті қандай да бір өзгерістер енгізсе, техпаспортты міндетті түрде заңдастыру керек. Негізгі техпаспорт пен үйдің қазіргі қалпындағы жоспарда өзгерістер, айырмашылықтар болса, екі түрлі үй болып саналады да, ол үйді банк кепілдікке алмайды.

Үйдің меншік иесі екенін дәлелдейтін тағы бір құжат – сыйға тарту куәлігі. Әке-шешесі баласына үйді қалдырып кеткенде, осы құжат болу керек. Болмаса үй иесі қайтыс болған жағдайда балаларына үлес болып бөлінеді, сол кезде үй иесі болып сол балаларының аты-жөндері жазылып тұрады. Сатқан кезде барлық баланың рұқсаты керек болады. Жекешелендіру куәлігі деген болады, ол да келісімнің орнына жүреді. Осының барлығын тексеретін №2 анықтама деген құжат бар. Оны тек үйдің иесі ХҚКО-дан алады. Сондықтан үй сатарда осы құжаттардың барлығын ретке келтіріп алған дұрыс.

– Жасыратыны жоқ, көптеген сатып алушы алаяқ риелторлардың құрбаны болып, алданып қалады. Бұл мәселенің қалай алдын алуға болады?

– Жалпы, еліміздегі риелторлық кәсіпке келетін болсақ, осыған қатысты қандай

да бір заңнама жоқ. Риелторлар жұмысын реттейтін, қадағалайтын белгілі бір орган жоқ. Кез келген адам риелторлық компанияда жұмыс істей береді. Бұл ретте заңдық тұрғыдан еркіндік берілген. Үйде істейтін риелторлар бар, оларды «маклерлер» деп атайды. Алматыда маклер десе, Астанада риелторлар дейді. Өздері жеке кәсіпкерлік ашып алып, офистері жоқ, үйде отырып істей береді. Жалғыз адам өзіне-өзі жұмыс істейді. Ондай адамдардың қызметінің ақысы төмен болады. Алайда оның біліктілігіне ешкім кепілдік бере алмайды. Ертеңгі күні алдап кетсе де, таба алмайсыз. Ондай жағдайларды күнде естіп те, көріп те жүреміз. Мысал келтіре кетейін, танысымның анасы осындай алаяқ риелтордың құрбаны болды. Ол үйді көрсетіп, бағасын 2-3 млн-ға асырып айтады. Ол кісі үйді ұнатып, аламын деп шешіп, жаңағы риелторға 300 мың кепілпұл беріп қояды. Жаңағы риелторымыз үй иесінен де сонша ақша алып алады. Үйді сату-сатып алу шартын жасағандай болып, қол қойғызып алып, қайта барлық құжатты өзімен бірге алып кеткен. Апамыздың қыздары үйді тым қымбатқа алып жатқанын біліп, шартты бұзбақшы болып, риелторды іздеп, таба алмай қалады. Не ақша жоқ, не риелтор жоқ. Мұны неге айтып отырмын, бұл нені көрсетеді? Бұл дегеніміз – біздің елде нақты жүйе жоқ. Сатушы мен сатып алушының ортасындағы делдалдардың жұмысын реттейтін нақты заң жоқ. Біреуі өзінің аты үшін жұмыс істейді, біреуі бір күндік ақша табу үшін жұмыс істейді.

Риелтор іздеген кезде, бұрын үйді сатқан не риелтор арқылы үй сатып алған таныстарға жүгінген дұрыс. Егер көңіліңізден шыққан риелтор болса, ол кез келген адамға сондай жұмыс сапасын көрсетеді. Бірақ ұтылмас шешімдердің бірі – біз секілді ипотекалық брокерге жүгіну. Өйткені, банкпен тікелей жұмыс жасағандықтан, дұрыс құжаттар тізбегін жасау біз үшін өте маңызды.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рақмет!

Нұрбол ЖЫЛЫС

АЛҚАБИЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



Алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер санының өсуі халықтың сотқа деген сенімін білдіреді. Себебі, бұл қылмыстық істерді қарауға және шешуге халық өкілдерін тарту болып табылады. Осыған орай айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 631-бабында көрсетілген аса ауыр қылмыстар туралы істер алқабилердің қатысуымен қаралады. Ал ауыр қылмыстар қатарына он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер жатады.

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотта алқабилер қатысатын сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді. Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыру күдіктінің, айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты бойынша жүргізіледі. Мұндай өтініш сотқа түспесе және істі сотта алдын ала тыңдау барысында сотталушы алқабилердің қатысуымен істі қараудан бас тартса, онда қылмыстық істі судья алқабилердің қатысуынсыз қарайды.

Судьяның істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы мәселе жөніндегі қаулысы түпкілікті болып табылады. Одан әрі қаулы сотталушының ұстанымының өзгеруіне орай қайта қаралмайды.

Алдын ала тізімге енгізілген алқабиге кандидаттарға сот талқылауы басталғанға дейін жеті тәуліктен кешіктірілмей сотқа келетін күні мен уақыты көрсетілген хабарлама табыс етіледі. Хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Кандидаттар ішінен алқабилерді іріктеу жабық сот отырысында жүргізіледі.

Сотта істі қарайтын алқабилер алқасы негізгі құрамдағы (алқабилер алқасының құрамын құрайтын) он және қосалқы екі алқаби құрамында жеребе тастау арқылы құрылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 14-бөлімінде істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу толықтай көрсетілген. Алқабилердің қылмыстық сот процесіне қатысуына байланысты олардың қызметін «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының заңы реттейді.

Алқаби ол соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы. Алқабиге кандидат – Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, кейіннен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу

үшін алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізіміне енгізілген Қазақстанның азаматы.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімін қалыптастыру үшін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық-талдау жүзесіне мәліметтер ұсынуға міндетті.

Алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімі әліпби тәртібімен қалыптастырылады. Тізімде алқабиге кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған жылы (жасы жиырма бесте болса – қосымша күні мен айы) және тұрғылықты жері бойынша тіркелуі көрсетіледі.

Алқабиге кандидаттарға қойылатын мынандай талаптар бар:

алқабилердің тізімдерін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған;

өтелмеген не алынбаған сотталғандығы бар;

сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының қызметкерлері;

психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді.

Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді.

Алқабиге кандидаттардың тізімдерінен келесілер алынып тасталады:

қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар;

өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар;

алпыс бес жастан асқан адамдар;
діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша.

Сот отырысының орны мен басталу уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтың дәлелсіз себептермен келмей қалуы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Алқабидердің құқығы:

өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға;

заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға;

төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ, сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға;

сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

Алқабилердің міндеттері:

сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға;

алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге;

сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Алқабидің істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге; істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге; істі қарау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға; жабық сот оты-

рысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес.

Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттетуге мүмкіндігіне әкеп соғады.

Алқабидің ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен іріктелген адам өз міндеттерін адал және бейтарап атқаруға, сотта қаралған барлық дәлелдемелерді, дәлелдерді, істің мән-жайын назарына алуға, ерікті азамат және әділ адам ретінде істі өзінің ішкі нанымы мен ар-ожданы бойынша шешуге ант қабылдайды:

Істі қарауға қатысу үшін сотқа алқабиге кандидаттардың қажетті санын шақыртуды алқабилердің қатысуымен қылмыстық істі қарайтын соттың төрағалық етуші судьясының өкіміне сәйкес сот отырысының хатшысы жүзеге асырады.

Азаматтар сотта алқабидің міндеттерін атқаруға күнтізбелік жыл ішінде көп дегенде бір рет, қылмыстық іс қаралатын барлық уақытқа шақырылады.

Сотқа шақырылған, бірақ алқабилер алқасының құрамына іріктеп алынбаған адамдар басқа сот отырысына алқабидің ретінде қатысу үшін тартылуы мүмкін.

Алқабиге облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган нақты іс қаралып болғаннан кейін, ал егер істі қарау созылатын болса, ай сайын бюджет қаражаты есебінен аудандық сот және оған теңестірілген сот судьясының (1 жылға дейін өтілі бар) лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ, алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төлейді.

Алқабиге кандидатқа (алқабиге) іссапар шығыстары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеледі.

Алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек стажын есептеген кезде есепке алынады.

Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Алқабидің сотта өз міндеттерін атқарған кезеңде оған судьялардың тәуелсіздігіне заңдарда белгіленген кепілдіктер қолданылады.

Сотта міндеттерін атқару кезінде алқабидің тәуелсіздігі:

сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен;

сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу бойынша алқабидің қызметіне кімнің болса да араласуына жауаптылық қауіп арқылы тыйым салумен қамтамасыз етіледі.

Алқабидің, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Қылмыстық істі жүргізетін орган, егер сотта міндеттерін атқарушы алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ, аталған адамдардың қауіпсіздігіне немесе олардың мүліктерінің сақталуына қауіп төнудің басқа да айғақтары анықталған жағдайларда, алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Алқабиге міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Істі сотта қараудың нәтижесінде сотталушы жасады деп айыпталып отырған іс-әрекеттердің әрқайсысы бойынша алқабилерге мынадай үш негізгі сұрақ қойылады:

іс-әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме;

бұл іс-әрекетті сотталушының жасағаны дәлелденді ме;

бұл іс-әрекеттің жасалуына сотталушы кінәлі ме.

Шешілуге жататын сұрақтар әрбір сотталушыға қатысты жеке қойылады.

Егер көрсетілген үш сұрақтың әрқайсысына мақұлдаған жауаптарға дауыс берушілердің көпшілігі дауыс берсе, айыптау кесімі қабылданған болып есептеледі.

Ал, егер қойылған негізгі сұрақтардың кез келгеніне берілген құпталмаған жауапқа дауыс берушілердің алтауы және одан да көбі дауыс берсе, ақтау кесімі қабылданған болып есептеледі.

Алқабилер қатысатын сотта қылмыстық істі талқылау мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

істі тоқтату туралы қаулыны;

ақтау үкімін;

айыптау үкімін.

Алқабилер шешімдерінің негізінде үкімді төрағалық етуші шығарады және оны жариялайды.

Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу нысандары енгізілгеннен бастап жылдан жылға алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау көрсеткіші өсуде, өйткені, алқабидің соты – сот төрелігін жүзеге асыруға халықтың қатысуының бір түрі болады, сондықтан, алқабилер институтын біздің азаматтар білгені жөн.

Р. АҚПАР,

**Шығыс Қазақстан облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы**

БАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗЫ – АТА-АНАСЫ

Қандай қоғамда болмасын отбасы тақырыбы барлық уақытта өзекті. Себебі, мемлекет отбасынан құралады. Соңғы жылдары елімізде ерлі-зайыптылардың ажырасу көрсеткіші белең алғанын статистикалық мәліметтер растайды. Мысалы, он жыл ішінде Қазақстанда 1,5 миллион неке тіркелсе, соның жарты миллионға жуығы ажырасқан. Некені бұзу туралы талап қоюға себеп болатын жайттардың бастысы – жауапкерлердің ішімдікке, құмар ойынға салынуы, ерлі-зайыптылардың отбасы мәселесіне тумаластарының араласуы, көзге шөп салу болып келеді.



Анар ТОЛЫҚБАЕВА,
Астана қаласы Азаматтық
істер жөніндегі ауданаралық
сотының судьясы

Қазақстанда балалардың құқығы Конституциямен қорғалған, әлемдік деңгейдегі мемлекеттер қатарындамыз. Құқықтық саладағы өзіміздің артықшылығымыз да осында, яғни, балалар құқығын қорғау. Елімізде ажырасу деңгейін төмендету жөнінде 2019–2024 жылдарға арналған отбасын қолдау бағдарламасы жұмыс істейді. Онда некеге тұру туралы өтініштен бастап, баланың өмірге келуі, дағдарыс жағдайлары және ерлі-зайыптыларды ажырасу са-

тысында жарастыру, т.б. келелі мәселелер қамтылған. Бұған қоса «Отбасы күні» мерекесі бекітілді. «Мерейлі отбасы» сынды ұлт-

тық байқаудың ұйымдастырылуы отбасы құндылықтарының құрметтелуін білдіреді. Қазақстан Республикасының соттарында отбасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында пилоттық жобалар жүзеге асырылды. Мысалы, «Отбасылық сот», «Татуласу сотқа дейін, сотта» жобалары өзінің тиімділігін дәлелдеді. Осы пилоттық жобалар нәтижесінде жүздеген отбасы сақталды, бұл өте қуантарлық жағдай.

Неке мен отбасының, әке, ана және баланың мемлекет қорғауында болатыны, сондай-ақ, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті екені Конституцияның 27-бабымен нақтыланған. Отбасының әрбір мүшесі жеке тұлға, осы себепті, неке бұзарда ондағы әрбір адамның тағдыры ескерілуі керек. Өкінішке қарай, ерлі-зайыптылар бұған мән бермейді, оның зардабын екі ортада балалары тартады.

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі ерлі-зайыптыларға тең құқықтар мен тең міндеттер жүктеп, барлық мәселеде ортақ құқық береді. Балалар тәрбиесінде де міндеттері мен жауапкершіліктері бірдей. Жүктілік кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде зайыбының келісімінсіз некені бұзуға болмайтыны аталған кодекс-пен бекітілген. Кәмелеттік жасқа толмаған баланың тәлім-тәрбиесі, оның адам болып қалыптасуы ата-анаға тікелей байланысты.

Әр отбасының берекесі мемлекетіміздің дамып, өркендеуіне кепілдік етеді. Мемлекетімізде балалар құқығын қорғауға баса мән береді. Ювеналды институт жан-жақты дамытылып, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттар жұмысын жандандыруға айрықша көңіл бөлінді.

Биылғы жылдың қыркүйегінен бастап кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттардың құзыреті кеңейтілді. Мысалы, бұрын некені бұзу, ортақ мүлікке қатысты және алиментті өндіру туралы даулар жалпы сотта қаралатын. Қазіргі күні Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру

және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 27 наурыздағы заңына сәйкес, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлікті бөлу туралы даулар, яғни, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын даулар бойынша азаматтық істерді қарап, шешеді.

Бұл өзгерістер бір терезе принципі бойынша бір отбасындағы барлық дауларды бір істің аясында шешілуін қамтамасыз етеді. Бұдан әрі нақтыласақ, кәмелеттік жасқа толмаған баласы бар ерлі-зайыпты некесін бұзуға сотқа жүгінген кезде сот бір ғана талапта баланың тұрғылықты жері, алимент өндіру, мүлікті бөлу, бөлек тұратын ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау туралы, т.б. мәселелерді де қатар шешеді. Яғни, бір процесс аясында бірнеше мәселенің қаралуы тараптарға негізгі отбасылық даулардың шешілуіне мүмкіндік береді.

Неке-отбасы қатынастарынан туындайтын және кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қозғайтын істердің ювеналды соттарда қаралуы өз кезегінде отбасылық құндылықтардың жан-жақты дәріптелуіне жол ашады, сонымен қатар, сотқа жүгінушілерді психологиялық тұрғыдағы көмекпен де қамтамасыз етеді.

Отбасын сақтап қалуға және олардың құқықтық проблемаларын шешуге барлық жағдай жасалуда. Мұндағы басты міндет шаңырақты шайқалтпауға негізделеді. Ашу үстінде асығыс шешім қабылдас үшін ерлі-зайыптыларға заң аясында ойлануға уақыт беріледі. Ажырасудың себептері жіті анықталады. Ең алдымен ерлі-зайыптыларға балаларының алдындағы жауапкершіліктері түсіндіріледі. Өйткені, бала үшін әке мен ананың орны бірдей, қайсысын таңдарын білмей қиын жағдайда қалады. Бұл өте жүрек ауыртарлық жағдай.

Ерлі-зайыптыларды райларынан қайта-ру, жарастыру мақсатында татуластырудың

барлық шарасы қарастырылады. Бұрын татуластырушы судьялар дайындық кезінде, яғни, 20 жұмыс күні ішінде тараптарға отбасын сақтап қалуға жәрдем беретін, бүгінгі таңда отбасылық сот пилоттық жоба аясында талап қоюды сот өндірісіне қабылдаудың алдында 10 күн тараптармен әнгімелесу жүргізіледі. Бұдан әрі де татуластыру шаралары қолданылады. Бұл соттардың отбасын сақтауға жоғары деңгейде көңіл бөлетінін көрсетеді.

Заң аясында іске арнайы мамандар тартылады. Өйткені, ерлі-зайыптыларды ортақ келісімге шақырып, өзекті мәселелерін шешуіне көмек көрсететін медиатор, адвокат, психологтардың рөлі зор. Еңбегіміз нәтижесіз емес, десекте, ажырасудың түп тамыры отбасылық құндылықтарымыздың әлсіреуімен тікелей байланысты екені тәжірибеден байқалады. Қазіргі таңда жастар санасында отбасылық қиындықтан ажырасу арқылы құтылғысы келетін, оны оңай жол санайтын түсінік қалыптасқаны ащы да болса шындық.

Қоғамымыздың барлық саласында отбасылық құндылықтар үздіксіз насихатталса және олар ұлттық заңнамаларымызбен үйлестірілсе ажырасу да азаяр еді. Оған неке бұзуға келген ерлі-зайыптылардың соттан жарасып шығуы дәлел. Көп жағдайда олардың ажырасудан бас тартуына ұлттық дәстүрлерді, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктерін түсіндіру арқылы қол жеткіземіз. Мысалы, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы:

Бала нені білсе жастан – ұядан,
Өле-өлгенше соны таныр қиядан.
Ата-анадан өсіп, ұрпақ тараған,
Жақсы, жаман болса – солардан, – дегенді
бекер айтпаған.

Бала кез келген құбылыс пен оқиғаны ең алдымен өз отбасынан көреді, жақсылық пен жамандық тұрғысындағы тұжырымдарды ата-анасынан естіп, солардан байқайды. Ата-ананың балаға қатынасы, отбасындағы жағдай – бала үшін бір мектеп. Сондықтан, әке-шеше баласының алғашқы ұстазы өздері екенін естен шығармаулары тиіс.

Шаңырақ шайқалып, неке бұзылған жағдайда көбінесе барлық ауыртпашылық ананың мойнына түсетінін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Баласын қатарынан кем қылмай өсіру мақсатында олар бірнеше жерде жұмыс істеп, ұл-қызының тәрбиесіне көңіл бөле алмай қалады. Соның салдарынан кәмелеттік жасқа жетпеген бала заңбұзушылыққа ұрынады.

Толық отбасында тәрбиеленген баланың жанұя туралы түсінігі бөлек болады. Олар әкенің де, ананың да орнын біледі, өйткені, бәрін көріп өседі.

Республикамыздың барлық аумағында Жоғарғы Соттың бастамасымен құрылған отбасы орталықтарындағы татуластырушы судьялар, кәсіби медиаторлар, отбасылық және бала психологтары жоғары деңгейде жұмыс атқаруда. Аталған мамандардың қатысуымен өткізілген игі шаралар арқасында көптеген ерлі-зайыпты мәселесі сотқа дейін шешілуде.

Ерлі-зайыптылар отбасында қандай да бір мәселе туындаса бірден сотқа жүгінбей, татуластыру орталықтарына барып кеңес алғандары жөн. Отбасының сақталуына соттар ғана емес, мемлекетіміздің әрбір азаматы, яғни, қоғам болып үлес қосу қажет.

Отбасылық дауларды қарайтын судья ретінде берер кеңесім, отбасында туындайтын қандайда мәселені шешуде ашуға жол бермей, ақылға жеңдірген абзал.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

Мемлекетіміздегі әрбір құқықтық реформа заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жеке сот орындаушылар институты да осы мақсатта енгізілді. Аталған институт жұмыс істегелі елімізде сот актілерінің орындалу деңгейі артқанын статистикалық мәліметтер көрсетіп отыр.

Жалпы алғанда атқарушылық іс жүргізудің міндеттеріне азаматтық және әкімшілік істерде сот шешімдері мен ұйғарымдардың, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерде нұсқама, қаулылардың, мүліктік өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың, сонымен қатар, өзге де органдар қаулыларының негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды міндетті және уақытылы қолдану жатады. Халықтың құқықтық білімін жетілдіруге атсалысу да жеке сот орындаушылардың басты міндеттерінің бірі саналады.

Осы мақсатта Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы заңымен көзделген атқарушылық іс жүргізудегі мерзімдерден жұртшылықты хабардар етеміз. Сот орындаушы ел заңдарымен нақтыланған талаптарға сәйкес келетін атқарушылық құжат келіп түскен соң үш жұмыс күні ішінде атқарушылық іс жүргізуді қозғап, бұл туралы қаулы шығарады. Жеке сот орындаушы атқарушылық іс жүргізуді қозғаған кезде өндіріп алушымен



Шолпан РАБАЕВА,
Ақтөбе облысы жеке сот
орындаушылары өңірлік палатасының
жеке сот орындаушысы

орындалу шарттары туралы келісім жасап, оның заңмен көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» заңның 11-бабында көрсетілгендей, сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқару парақтары, сондай-ақ, «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының шешімдері негізіндегі атқару парақтары, төреліктің, халықаралық және шетелдік төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымына сай берілетін атқару па-

рақтары үш жылға дейін мәжбүрлеп орындатуға жатады. Яғни, сот шешімі ерікті түрде орындалмаса, өндіріп алушы үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға арыздануға құқылы.

Заңда басқа мерзім белгіленбеген жағдайда соттардың әкімшілік құқықбұзушылық туралы істердегі қаулылары, сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган немесе лауазымды адамның қаулылары, «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі бұйрықтары, әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттігі бар орган мен лауазымды адамның айыппұл төлету туралы нұсқамалары бір жыл көлемінде мәжбүрлі түрде орындатуға ұсынылады.

Аталған заң талабына сай атқарушылық жазбалар мен жеке сот орындаушының өз қызметіне төленетін ақы сомасын бекіту қаулысы үш, ал соттың қылмыстық іс бойынша шығарылған мүлікке тыйым салу туралы қаулылары бір жыл ішінде беріледі. 11-баптың 11-бөлігіне сай, қылмыстық теріс қылық немесе жасалған қылмыс үшін айыппұл өндіріп алу туралы атқарушылық парақтар үкім заңды күшіне енгеннен кейін ұсынылуы мүмкін. Мысалы, қылмыстық теріс қылық жасап сотталса – бір, онша ауыр емес қылмыста – үш, ауырлығы орташа қылмыста – алты, ауыр қылмыста – он, аса ауыр қылмыс үшін – он бес жыл ішінде мәжбүрлі түрде орындатуға береді.

Жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы нұсқамасы мен жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрықтарын мәжбүрлі түрде орындатуға ұсынуға үш жыл қарастырылған. 11-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген құжаттарды қоспағанда заңды күшіне енген сот актісін бес жұмыс күнінен соң мәжбүрлі түрде орындатуды талап ету нормасы заңмен белгіленген.

Сот актілерінің негізінде берілген атқарушылық парағы мүлікті өндіріп алу бөлігінде орындалу үшін құжат заңды күшіне енісімен немесе оның орындалу уақытының ұзарту мерзімі өтісімен, егер атқарушылық құжат тез арада орындалуы тиіс болса шешім шығарылғаннан кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі. Төреліктің,

халықаралық және шетелдік төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілген атқару парақтары шешім күшіне енгеннен кейінгі күннен басталады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істегі сот қаулыларын орындау қаулы шығысымен, ал осындай істерді қарауға уәкілетті орган, лауазымды адамның қаулылары мәжбүрлеп орындату туралы шешім қабылданған, қалған барлық атқарушылық құжаттар олар берілгеннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

Мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы, мысалы, алиментпен, жарақат алумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен және басқадай келтірілген зияндарды өтеумен байланысты істер шешімдердің негізінде жазылған атқарушылық құжаттар төлем жасауға берілген барлық уақытта күшін жоймайды. Мұндай жағдайларда мерзім әрбір төлем үшін жеке есептеледі.

Атқарушылық құжатты беру кезіндегі мерзім үзілісі туралы нормалар Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы заңның 12-бабымен айқындалған. Айтып өтерлігі, үзілістен кейін мерзімнің өтуі қайтадан басталады, бұл ретте үзіліске дейінгі өткен уақыт жаңа мерзімге саналады. Үзілістен кейінгі жаңа мерзім атқарушылық құжат бойынша өндіріп алу толық немесе ішінара жүргізілмей, ол өндіріп алушыға қайтарылған күннен бастап есептеледі.

Атқарушылық құжатты орындауға беру үшін өткізіп алынған уақыт заң талабына сай қалпына келтіріледі. Бұл үшін өндіріп алушы сот актісін шығарған сотқа немесе оның орындалатын орны бойынша сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасауға құқылы. Кейде атқару парағын жоғалтып алатын жағдайлар кездеседі. Бұл мәселе де заң шеңберінде реттелген.

Атқарушылық құжаттардың сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету сот орындаушылардың басты міндеті. Осы тұрғыдан алғанда жеке сот орындаушылар институты атқарушылық өндіріс саласын жаңа деңгейге көтеріп, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына оң ықпалын тигізіп жатқанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Жарқын болашаққа айқын мақсат қойып, табиғат дарытқан қабілет-қарымын, талант-дарынын шыңдап, талмай еңбектеніп, үздіксіз ізденген еңбекқор жанның асыл мұратына жетіп, абыройы асқақтап, биік белестерді бағындыра білетініне ешкімнің де шүбәсі болмаса керек. Жәнібек аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция майоры Мейрамхан Бапахов қызметте адал еңбек етіп, өн бойында өсіп-өркендеп, бел-белеске көтеріліп келе жатқан жігерлі азамат.

Мейрамхан 1981 жылы 7 қарашада Ұзынкөл кеңшарына қарасты «Еңбекші» бөлімшесінде Темірхан Бапахов пен Узипа Бірімжарованың отбасында бес ағайындының тұңғышы болып дүниеге келді. Халық даналығында «Ұл табалдырықтан аттаудан бастап, ар-намысты сақтауға дейін әкеден үйренеді» деген сөз бар. Әкесі Темірхан аға отбасындағы ұл-қыздарының еңбекке бейім, үлкен-кішіге қамқор болып өсуі жолында аянбады. Елгезек, білмекке құштар Мейрамхан табиғатынан ұстаз болып жаратылған, баланы әзіз жүрегінің махаббатына бөлеп тәрбиелеу жолында адал еңбек еткен мамандығын құлай сүйген ұстазы Меруерт Нихашевадан 4-сыныпқа дейін туған ауылындағы мектепте тәлім алды.

«5-сыныптан бастап орта білімді Ұзынкөл ауылында жалғастырдым. Интернатта тұрып, оқыдым. Кішкене кезімнен ата-анамнан жырақта жүріп оқығандықтан қиындыққа төзімді, тәртіпті, жинақы болып ержеттім.



Халқымыздың «Адамның көркін кіргізетін әдемі киімі емес, ізгілікті істері» деген сөзін көкейіме түйіп өстім», – дейді балалық шағына саяхат жасаған кейіпкеріміз.

«АҒАМА АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ»

Бала кезімнен полиция қызметкері болуды армандадым. «Аманыңда елжіреп, мақтайтын да ағайын, Алыстамай айналып, жоқтайтын да ағайын» демекші, әкемнің туған ағасы, Жәнібек ауданының Құрметті азаматы, ҰҚК тергеу бөлімінің тергеушісі қызметінен осы департаменттің басшысына дейінгі қызмет баспалдақтарынан өткен, ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер

жөніндегі коллегиясының судьясы болып абыройлы қызмет атқарған юстиция полковнигі Ғалихан Айдынғалиұлын өзіме әркез үлгі тұттым. Ғалихан ағам әулетімізден халық қорғаны болар тағы бір тәртіп сақшысының шыққанын қалап, менің ойымды қуана құптап, дем берді. 2000–2002 жылдары Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы 5516 әскери бөлімінде азаматтық борышымды өтеген кезімде патрульдік кезекшілікте қоғамдық тәртіпті қадағалаушы едік. Осы кезде Ішкі істер құрылымында қызмет етсем деген құлшынысым тіптен күшейе түсті. Әскерден оралған соң 2003–2005 жылдары Орал қаласындағы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан Аграрлық-техникалық университеті мен қаладағы жекеменшік мекемелерде күзетші болып жұмыс істедім. Әскерде патрульдік қызметте үйренген машығым бар, әрі бала кезгі арманымды жүзеге асыру мақсатында БҚО полиция департаментіне түйіндемемді тапсырып, ай жарым Тараз қаласында машықгерлік тағылымдамадан өтіп, 2005 жылы резервке қойылдым. 2006 жылы Орал қаласындағы БҚО мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесінің полицейі болып қызмет атқарып, осы мекеменің аясында 2006–2010 жылдары Жәнібек аудандық соты мен аудандық әкімшілікте мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полицейі болып еңбек еттім. 2010 жылы Жәнібек аудандық Ішкі істер бөліміне учаскелік полиция инспекторы болып қызметке кірістім. Қызметімді атқара жүріп 2007–2009 жылдары Қарағанды экономикалық заң колледжінде, кейін Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің заңтану факультетінде «Жоғары кәсіби білікті заңгер» мамандығы бойынша білім алдым.

КӘСІБИ ТҰРҒЫДАН ШЫҢДАЛУ ЖОЛЫНДА

Тәртіп сақшылары әркез қоғамды елеңдеткен жайлар мен уақытты бебеулеткен оқиғалардың бел ортасында жүретіндіктен қылмыстың алдын алуға, жасалған қылмысты тез ашуға мүдделі болатыны анық. Мейрамхан Темірханұлы 2011–2019 жылдар аралығында ауданымыздағы барлық ауылдық округтегі құқықбұзушылықтың алдын алу, діни экстремизммен, нашақорлық, ұй-

ымдасқан қылмыстық топтармен күресу, бөтеннің мүлкін иемденушілерді анықтау, діни теріс ағымға түскендермен профилактикалық жұмыс жүргізу, жастар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту жолында уақытпен санаспай адал еңбек етті. Жұмыста жоғары нәтижеге жетіп, қызметте сатылап өсіп, сержант шенімен еңбек жолын бастаған жігіт бүгінде полиция майоры шенін иеленді. 2019 жылы қазан айында аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің штаты ашылған кезде алғыр жігіт басшылықтың сенім білдіруімен бөлімше басшысы болып тағайындалып, осы қызметті 2022 жылдың қараша айына дейін абыройлы атқарды.

«Жәнібек аудандық Ішкі істер бөлімінің сол кездегі басшысы, полиция подполковнигі Еркін Қуанышқалиев, бөлім бастығының орынбасары болған Берік Төлеуовтен криминалдық полиция тобының аға жедел уәкілі болып қызмет атқарғанымда үйренгенімді бүгінде әріптестеріммен бөлісудемін. Жәнібек аудандық полиция бөлімінің басшысы қызметін атқарған полиция подполковнигі Асқар Әбдірахманов, Жәнібек аудандық полиция бөлімінің қазіргі басшысы, полиция подполковнигі Айшуақ Сейітқазиевтен қызметімді абыройлы атқару барысында үлкен қолдау көрдім. Ішкі істер құрылымындағы криминалдық полиция бөлімінде қызмет атқарған жылдарым мен үшін кәсіби тұрғыдан толысып, кемелденген сәулелі сәттерім деп есептейтін шақтарым.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа арнаған жолдауында «Бірнеше өңірде полицияның сервистік моделі пилоттық режимде жұмыс істей бастады. Келесі кезең – оның ауқымын кеңейту. Бұл жұмыстың табысты болуы көбіне жергілікті билік органдарының осы үдеріске қатысуына байланысты болады. Олар жаңа өзгерістердің мән-маңызын түсініп, полицияға қолғабыс етуге тиіс», – деген болатын. Басты міндетіміз – құқықбұзушылықтың алдын алып, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болғандықтан жерлестеріміздің қолдауы біз үшін аса қажет. Қашанда қоғаммен, жергілікті атқарушы билік органдарымен бір бағытта

жұмыс жасаудың нәтижесі жоғары болмақ.

«Көл толқыса көбігі бетіне шығады, ел толқыса тентегі шетке шығады» демекші, қым-қуытқа толы күнделікті қызметімізде қатыгездік пен қорқаулық, ашкөздік пен қаныпезерлік сынды қасиетсіз қылықтармен бетпе-бет келіп жатамыз. Жерлестеріміздің есінде әлі де болар, осыдан біраз жыл бұрын аудан орталығындағы кәсібінен адал нәсібін терген, тірлігі тоқ, шаруасы мығым отбасылардың үйінен қымбат әшекей бұйымдар мен құнды тұрмыстық заттардың ұрлануы жиілеп кеткені тұрғындардың мазасын алды. Жерлестерімізден аудандық Ішкі істер бөліміне маңдай терімен тапқан дүниесінің баққаны пайда беймәлім пысықайлардың қолында кеткеніне алаңдаған талап-арыздары қарша борады. «Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазыпты» дегендей, ұрлық санының күннен күнге көбейіп бара жатқаны полиция қызметкерлерінің де дегбірін қашырды. Кәсіби біліктілігіміз сынға түскен жауапты сәтте біз де аянып қалмай, учаскелік инспекторлармен бірге алыстан келмеген ұрыны ауылдың әр қуысын шарлап, іздеп кеттік. Сезігіміз жергілікті тұрғын С. есімді азаматқа келіп тірелгенімен, «ұрлаған ұры емес, ұсталған ұры» демей ме, неде болса ұрыны қылмыс үстінде бұлтартпас дәлелмен қолға түсірмекке бекініп, ізіне түстік. Ішкі түйсігіміз алдамапты. «Аңдысқан жау алмай қоймайды» емес пе бір күні әлгі сабазды аудан орталығындағы Х. Халиуллин атындағы көшеде тұратын тұрғынның үйінен тоңазытқышты ұрлап, орталық базар жақта тұратын азаматтың үйіне әкеліп, олжасын пұлдап, сатып жатқан жерінен ұстадық.

Күдіктінің үйіне тінту жүргізу барысында айлар бойы жерлестеріміздің маңдай терімен тапқан ақ адал дүниесін зар қақсатып олжалаған қымбат бұйымдары түгелге жуық табылып, иелері өз заттарын жазбай танып, ұрының кінәсі толық дәлелденді. Суық қолды ұрының денсаулығында кінәраты, дәлірек айтқанда мінез құлқында психологиялық ауытқушылығы болғандықтан, сот шешімімен мәжбүрлеп емдеуге жіберілді. Қызмет атқарған он жеті жылдың ішінде талай қылмысты дер кезінде ашуда өзімнің де үлесімнің бар екеніне марқаямын. Жасалған қылмыстың дер кезінде ашылуы халықтың

полиция қызметкерлеріне деген сенімін бекіте түсетіні ақиқат қой.

«Қолдаушым сабыр, қорғаушым ақыл» деген қағидамен, шүкіршілік етер қанағатпен адал өмір сүріп, қызметтік атағыма кір келтірмей қызмет ете берсем деймін. Дос-жолдастарым, ағайын-туыстарым мен әріптестерімнің алдында беделімнің биік, абыройымның асқақ болып, жұмысымның ілгері басуына Ясина, Аймерей, Жанерке атты бүлдіршіндеріміздің анасы, отбасымыздағы ынтымақтың ұйытқысы, бірліктің бастауы, тіс дәрігері болып қызмет атқаратын аяулы жарым Дидараның ақыл-парасаты мен көрсетіп отырған қолдауына, қосқан үлесіне әрдайым ризамын», – деген Мейрамхан Темірханұлының сөзінен бала кезден сүйіп қалаған мамандығына, отбасына деген құрметті, сүйіспеншілікті айқын аңғардық.

Қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені, ауданымызда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі, қылмысқа қарсы күресте, ел азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолында адал еңбек еткені үшін Мейрамхан Бапахов әр жылдары Батыс Қазақстан облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесі басшылығы тарапынан, БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі М. Абисатовтың, полиция генерал-майоры А. Жалмұханбетовтың, полиция генерал-майоры М. Аблазимовтың, Жәнібек АПБ-нің басшылары болған полиция полковнигі М. Қаташевтың, полиция подполковнигі Е. Қарағойшиевтің қолдарынан алған Грамоталары мен Жәнібек ауданының әкімі А. Сафималиевтың Алғысхатына ие болды.

Атқарылған істер бар деп тоқмейілсіп отырмай, атқаратын жұмыс көп деп әріптестерімен иық тіресе уақытты мойындамай, жұдырықтай жұмыла аянбай еңбек етіп, азаматтық болмысына кіршіксіз қылау түсірмей жүрген Мейрамхан Темірханұлының мақсаты айқын, келешегі жарқын деп білеміз.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық
тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек
аудандық бөлімінің меңгерушісі

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.9.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.9.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 17. Таралым 1360.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»